

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

АМЕТОВ АБАЙКЕН ЖАЛИЕВИЧ

**Адамды ұрлаудың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық
сипаттамасы**

«6M030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы» мамандығы бойынша
магистерлік жоба

ҚАРАҒАНДЫ – 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 АДАМ ҰРЛАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	10
1.1 Адам ұрлау қылмысының ретроспективтік аспектісі мен халықаралық тәжірибеге шолу жасау.....	10
1.2 Адамды ұрлау қылмысының құрамы.....	13
2 АДАМ ҰРЛАУДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	35
2.1 Адам ұрлау себептері мен шарттары және қылмыскердің жеке басы.....	35
2.2 Адам ұрлау қылмыстылығын ескерту ерекшеліктері.....	45
ҚОРЫТЫНДЫ.....	50
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	55

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 1 БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 10 желтоқсан 1948 жылы қабылдаған «Адам құқықтары» декларациясы.
- 2 Халықаралық қауымдастықтың 1976 жылғы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт».
- 3 БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.
- 4 Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1994 жылғы «Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы» Конвенциясы
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995 жыл (кейінгі өзгерту, толықтыруларымен).
- 6 Қазақстан Республикасының 2014 жыл 3 шілдегі Қылмыстық кодексі (кейінгі өзгерту, толықтыруларымен) – Алматы:ЖШС «Издательство «Норма-К», 2020.
7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» № 7 Нормативтік қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Адамды қанау –Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кінәлі адамның мәжбүрлі еңбекті, яғни адам оны орындау үшін өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған, осы адамнан күш қолдану немесе оны қолдану қатерін төндіру арқылы талап етілетін кез келген жұмысты немесе қызметті пайдалануы;

трансұлттық қылмыстық қоғамдастық – екі немесе одан да көп трансұлттық қылмыстық ұйым бірлестігі;

Адамды кейін пайдалану мақсатымен жасыру деп жәбірленушіні құқық қорғау органдарынан, туыстары мен басқа адамдардан жасыруды түсінген жөн;

Трансұлттық қылмыстық ұйым – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін қылмыстық ұйым;

Трансұлттық ұйымдасқан топ – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ;

Ұйымдасқан топ – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатында алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы;

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БАҚ – Бұқаралық ақпараттар құралы

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

ҚазКСР – Қазақ кеңестік социалистік республикасы

ҚК – Қылмыстық кодекс

ҚР – Қазақстан Республикасы

РСФСР – Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы

РФ – Ресей Федерациясы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ҰҚКБ – Ұлттық Қауіпсіздік Кеңесінің Басқармасы

ІІМ – Ішкі Істер Министрлігі

ЕЫҚҰ – Европадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымы

ЕЭҚММ – Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер

ЖПҚ – Жергілікті полиция қызметі

КІРІСПЕ

Адам ұрлау- біздің елімізде соңғы екі онжылдықта пайда болып, енді ғана ғылыми тұрғыдан қызығушылық тудырып жатқан жаңа фундаменталды мәселелер қатарына жатады. қызығушылық таныта бастады.

XXI ғасырдың басында қалыптаса бастаған әлемнің жаңа геосаяси картасы жаһанданудың, саяси, діни, мәдени интеграцияларға әкеліп, әлемдік қаржы-экономикалық жүйедегі дағдарыстық үдерістер жағдайында босқындар ағынының көбеюі және көші – қонның одан әрі жандануының бәрі ежелгі әлеуметтік жағымсыз құбылыс адамды ұрлау, қанау, адам саудасы сияқты аса қауіпті қоғамдық нысандардың қайтадан пайда болуына ықпал етті. Адамның ажырамас құқықтары мен гуманитарлық құндылықтарды қамтамасыз етудің базалық қағидаттарын бұзудың көптеген фактілері адам ұрлығын әлемдік деңгейдегі проблемаға айналдырып отыр.

Әлемдік масштабтағы өзекті мәселеге арналған адам ұрлығымен күрес бойынша қомақты нормативтік құқықтық базаның [1], [2], [3] қалыптасқанына қарамастан адам ұрлығы әлі өз шешуін таппаған келелі сұрақтардың бірі.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңының 1-бабының 8-тармағында адам бостандығы ұлттық қауіпсіздік объектілеріне жатқызылған [4].

Қазақстан Республикасы аумағында адам ұрлау саласындағы қылмыстылықтың жай – күйін криминологиялық зерттеу тіркелген қол сұғушылықтың сандық көрсеткіштерінің жыл сайын төмендегеніне қарамастан, қылмыстық істерді зерделеу барысында адамды пайдакүнемдік, қанау мақсатында ұрлау, кәмелетке толмағанды ұрлау, адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып ұрлау сияқты қылмыстылықтың неғұрлым қауіпті белгілерінің өсіп жатқанын байқауға болады. Сөйтіп, адам ұрлау саласындағы қазіргі заманғы қылмыстылық ең алдымен, оның сапалық қасиеттерінің елеулі өзгеруінде, неғұрлым қарапайым нысандардан ұйымдасқан, трансұлттық нысандарға көшуге байланысты, қоғамдық қауіптіліктің жоғары дәрежесімен сипатталады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтерге сүйенер болсақ, адам ұрлау бойынша 2015 жылы-79 қылмыс, 2016 жылы – 93, 2017 жылы -74, 2018 жылы - 48, 2019 жылы – 55 және 2020 жылдың мамыр айында дейін 33 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген [5]. Бұл көрсеткіш жалпы қылмыстылық құрылымында жоғары үлестік салмаққа ие болмағанмен, өзінің адам өмірі мен бостандығына, сондай-ақ жеке қауіпсіздігіне келтіретін зардаптарының ауқымдылығына байланысты қоғамдық қауіптілігі жоғары құқық бұзушылықтар қатарына жатады.

Адамды ұрлаумен байланысты қылмыстық іс-әрекеттің медициналық салалар адам ағзалары мен тіндерін заңсыз транспланттау, репродукция технологиялары саласында пайдалану, қайыршылық жасауға мәжбүрлеу және есірткі трафигі, заңсыз қару айналымы, экстремизм, терроризм сияқты криминалды әрекеттерде пайдалану сияқты қанау мақсатында ұрлау жағдайлары белсенді дамуда. Бұл ретте осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардың неғұрлым осал азаматтарға қатысты жасалатыны ерекше алаңдаушылық туғызады.

Қазіргі уақытта қаралып отырған қылмыстық іс-әрекет түрі қуатты сыбайлас жемқорлық қолдауына ие. Адамды қанау мақсатында ұрлау жоғары табысты ұйымдасқан сауда индустриясына айналғанын атап өтуге болады.

Осыған байланысты адам ұрлау проблемасына уақтылы ден қою мақсатында қаралып отырған саладағы қол сұғушылықты анықтауға, тергеуге және алдын алуға байланысты туындайтын теориялық және қолданбалы проблемаларды жан-жақты талдау оған қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеуді қажет етеді.

Адам ұрлаудың көптеген маңызды ғылыми проблемалары неғұрлым терең зерттеуді қажет етеді. Атап айтсақ, негізгі ұғымдық аппарат пен терминологиялық мәселелер, халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға имплементациялаудың мазмұндық аспектілері, қылмыстық жауапкершілік, қылмыстық істерді саралау бойынша құқық қолдану тәжірибесінде жіберілетін қателіктер, адам ұрлауды анықтау және оның алдын алу шараларының жеткіліксіз деңгейіне қатысты проблемалық сұрақтар жеткілікті. Осы аталғандар тақырыпты кешенді зерттеудің өзектілігін айқындап отыр.

Жобаның зерттелу деңгейі. Қазақстан Республикасы құқықтық ғылымында адам ұрлаудың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттамасына арналған зерттеулер аз емес. Қарастырылып отырған мәселенің жекелеген аспектілері А.Н. Ағыбаевтың, Б.И. Ахметовтың, З.О. Ашитовтың, К.А. Бегалиевтің, Б.С. Бейсеновтың, И.Ш. Борчашвилидің, С.Я. Булатовтың, А.А. Исаевтың, Е.И. Қайыржановтың, И.В. Корзунның, А.Д.Макуханың, С.С. Молдабаевтың, М.С. Нәрікбаевтың, Р.Т. Нұртаевтың, Г.Ф. Поленовтың, С.М. Рахметовтың, Г.Р. Рүстемованың, В.А. Сергеевскийдің, Д.С. Чукмаитовтың және басқа авторлардың еңбектерінде зерттелген.

Адам ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілік мәселелері және осы қылмыспен күрестің криминологиялық аспектілері Л. Д. Гаухман, П.И. Гришаев, Н.И. Загородников, В. И. Зубкова, Л.Н. Красиков, Г.Л. Кригер, С.В. Максимов, В. С. Никифоров, А. А. Пионтковский, П. Ф. Тельнов, С. В. Максимов, Н.Э. Мартыненко О. Михаль, Р. Э. Оганян, Т. Ю. Орешкина, В. В. Панкратов, П. А. Скобликова, С. В. Скляров, И. М. Тяжков және тағы да басқа Кеңес Одағы, Ресей ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқан.

Жоба мақсаты – зерттеу айналымында бар мәліметтер мен ақпараттар негізінде адам ұрлауға қатысты қылмысты қарастыратын және оның алдын алу үшін ескертудің негізгі бағыттарын анықтайтын заң нормаларын дайындауға ғылыми негізделген тұжырымдар жасау. Осыған орай зерттеу жұмысының алдына төмендегідей нақтылы **міндеттер** қойылды:

- а дам ұрлауға тарихи қылмыстық-құқықтық тұрғыдан талдау жасау;
- адам ұрлаудың объективтік, субъективтік және сараланған белгілері бойынша құрамына сипаттама беру;
- адам ұрлаудың ұқсас құрамдардан айырмашылығын белгілеу;
- адам ұрлаудың себептері мен шарттары және қылмыскердің жеке басы мен құрбанның криминологиялық сипаттамасын бері;
- адам ұрлауды ескерту ерекшеліктеріне шолу жасау.

Жобалық жұмыстың нысаны. Қазақстан Республикасы аумағында діни экстремизмнің пайда болуына, тарауына ықпал етуші және оның алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастар кешені болып табылады.

Жобалық жұмыстың пәні. Қазақстан Республикасындағы адам ұрлаудың қылмыстанымдық көрсеткіштері, адам ұрлауға қарсы тұру шараларының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық жиынтығы мен қарсы тұрудың басқа да құқықтық және профилактикалық сипаттағы құралдары болып табылады.

Жобалық жұмыстың әдіснамалық негізін. Әлеуметтік-құқықтық үдерістер мен құбылыстарды танудың жалпы ғылыми және жеке диалектикалық таным әдісі, сонымен қатар оған негізделген тарихи, әлеуметтік, логикалық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық, формальды-заңдық талдаудың жалпы ғылыми және жеке әдістері құрайды.

Жобалық жұмыстың нормативтік негізін Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы Парламенті бекіткен (ратификациялаған) халықаралық нормативтік актілер, қылмыстық, қылмыстық-атқару кодекстері мен заңды күші бар Президент Жарлықтары және ведомстволық нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық қоры. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтер негізінде жалпы қылмыстылықпен қатар, адам ұрлауға байланысты қылмыстылық жағдайы, динамикасы мен құрылымы бойынша 10 жылдық статистикалық материалдарды зерделеу және талдау қорытындылары, Қарағанды, Алматы облыстық соттарының мұрағатынан 5 жыл аралығындағы 210 қылмыстық іс, жазаларын өтеп жатқан сотталғандардың жеке істері қарастырылып, Қарағанды, Алматы облыстарының ішкі істер органдарының 73 қызметкері арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары құрайды.

Жобалық жұмыстың ғылыми жаңалығы. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің адам бостандығына қарсы бағыттағы қылмыстарға байланысты нормаларына сондай-ақ басқа да бір қатар нормативтік актілерге талдау жасау нәтижесінде бұл бағыттағы жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етуші құқықтық құралдар ұсынылады.

Жобалық жұмыстың теориялық мәні маңызды әлеуметтік-құқықтық проблеманы кешенді түрде шешумен белгіленіп, зерттеу материалдары қылмыстық құқық және криминологияны жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

Жобалық жұмыстың практикалық мәні зерттеу материалдары бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды адам ұрлау қылмысының алдын алу бойынша өкілетті органдардың қызметтерін жетілдіруде, сондай-ақ қылмыстық құқықты, қылмыстық-атқару құқығын, криминологияны оқытуда пайдаланылуымен белгіленеді.

Жобалық жұмыстың жаңалығы ең алдымен, кешенді тәсіл негізінде адамды ұрлау сияқты қылмыстарға монографиялық зерттеу жүргізілуінен тұрады. Оның нәтижелері адамды ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы бірқатар теориялық ережелерді нақтылауға, адамды ұрлаумен ұштасқан қылмыстардың алдын алу жөніндегі қызметтің негізгі бағыттарын айқындауға, оның ішінде қылмыстық заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер:

1. Жобалық жұмыстың авторы адам ұрлығының құқықтық табиғатын зерделеп, ұғымға қатысты өзінің криминологиялық авторлық анықтамасын ұсынады: «Адам ұрлау - бұл адамды құқыққа қайшы қасақаналықпен жасырын не ашық түрде, алдау арқылы немесе еркінен тыс алып кетуге, ұстап отыруға және бір орыннан екінші орынға ауыстыруға бағытталған іс-әрекет».

2. Осы жобаның авторы ҚК 125-бабында берілген «Ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады» деген ескертпені 125-баптан мүлдем алып тастауды ұсынады.

3. Қолда бар эмпирикалық материалдар негізінде адам ұрлаумен байланысты қылмыстар зорлық-зомбылық сипаттағы қылмыстылыққа жататындығына көз жеткіздік және осы сипаттағы қылмыстылықтың басым бөлігі Қазақстан Республикасының Алматы және Ақмола облыстары аймақтарында жасалып, оның тұрақты түрде өсу тенденциясы бар екендігін белгіледік.

Жобалық жұмыстың құрылымы. Диссертацияның құрылымдық жүйесі зерттеу жұмысының көздеген мақсаты мен міндетіне қарай анықталды. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, төрт бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 АДАМ ҰРЛАУ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1.1 Адам ұрлау қылмысының ретроспективтік аспектісі мен халықаралық тәжірибеге шолу жасау

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында мемлекеттің жоғары құндылықтары адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жарияланған [6]. Халықаралық қауымдастықпен игерілген, тиісті халықаралық-құқықтық актілермен бекітілген және танылған құқықтар мен бостандықтар адамның әлеуметтік және заңды түрде қамтамасыздандырған тәртіп шарасы болып табылады. Олар бөлінбес, ажырамас қасиетке ие және адамның жүріп-тұру тәсілін еркін таңдау қабілетінде көрінісін табады, оған қатысты ешкім ешқандай тыйымдар мен шектеулер қоя алмайды [7].

Адам ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін заң нормаларын жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу, құқық қолдану қызметін тұрақтандыруды қамтамасыз ету осы саладағы Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының дамуына тарихи талдау жүргізу сияқты зерттеу міндеттерін шешуді талап етеді. Оқиғаларды, фактілерді, процестерді, олардың нақты тарихи жағдайларда пайда болу себептерін тануға мұндай ретроспективті тәсіл танымның негізгі жалпы ғылыми әдістерінің бірі болып табылады деп есептеледі. Бұл ретте тарихи әдіс «қоғамдық дамудың барлық қарама-қайшы диалектикасын түсінуге, сонымен қатар зерттелетін құбылыстың мәнін, сондай-ақ осы құбылыспен байланысты процестерді, олардың заңдылықтарын, негізгі тенденциясын, даму бағыттарын тануға мүмкіндік береді». Осылайша, отандық заңнаманы зерттеу адамды ұрлаумен байланысты проблемалардың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттамасы үшін елеулі әдіснамалық маңызы бар.

Қылмыстық қол сұғушылықтың зерттелетін түрін тарихи-құқықтық талдау осы теріс әлеуметтік құбылыс қоғам үшін жаңа болып табылмайтынын көрсетеді. Адамды ұрлау, дәстүрлі жалпы қылмыстық қылмыстардың көпшілігі сияқты ұзақ даму тарихы бар және ғасырлар бойы өз тамырларымен жалғасады. Алайда, адамзат қоғамының әртүрлі даму кезеңдерінде ол өзгеріссіз, бірдей болған жоқ және әр түрлі қарқындылықпен дамуда.

Адамды ұрлағаны үшін жауапкершілік тәртібі туралы жекелеген қаулылар ежелгі құқық ескерткіштерінде қамтылған. Біз бұны ғылыми тұрғыдан біршама зерттелген Кеңес Одағының тарихынан қарастырмақпыз.

Осыған ұқсас қаралған қол сұғушылықтар мен оларды жасағаны үшін жазалауды Новгородская, Псковская, Двинская «кеме грамоталары» көздеген. Бұл белгілі бір шамада қазіргі құрылыс үшін осындай әрекеттердің жоғары дәрежесін және олардың Ежелгі Орыс мемлекетінің аумағында едәуір таралуын куәландырады.

Орталықтандырылған мемлекетті құру процесі тұрақты және көптеген соғыстармен, бөтен аумақтарды жаулап алумен және адамдарды тұтқынға алумен қатар жүрді, бұл заңды әскери олжа ретінде қарастырылды. Басқа бір түрі князьдерге және басқа да бай адамдарға сату үшін адамдарды тұтқындау мақсатында көршілес елдерге шабуылдар болды.

Адамдарды ұрлау қоғамдық қауіпті қол сұғушылық ретінде орыс орталықтандырылған мемлекетінің бірінші кодекстерімен қаралды. Мәселен, 1497 ж. сот орындаушысы «бас татыба» үшін жауапкершілікті қарастырды, оның жынысы тарихи-құқықтық әдебиетте холоптарды ұрлау деп саналады. Бұл әрекетті жасағаны үшін 9-Б .сот орындаушысы өлім жазасы қарастырылған.

Сондай-ақ, 1649 жылы соборлық ұсыныс адам ұрлау сияқты қылмыс үшін жауапкершілік белгіледі. 1750 ж. Елизаветаның императрицасының Жарлығымен осы заң

актісіне кінәлі адамның барлық құқықтарынан айырылуына және қамау жазасына ұшыраған сәбидің ұрлануы туралы норма енгізілді. Аталған жаза түрлеріне каторж жұмыстарына сілтеме қосылды.

1832 ж. қылмыстық заңдардың реформасы ұлттық немесе діни белгілері бойынша қандай да бір айырмашылықтарды өткізбей, адамдарды ұрлағаны үшін жазаны одан әрі күшейтті. Айта кетейік, 1832 ж. заңдар жинағы бекініс құқығы кезеңінде жасалған, адам (бұл жағдайда шаруа) үй иесінің меншігі болып табылады және өзінің ақшалай көрінісі болды. Сондықтан да адамдарды ұрлағаны үшін жазалау шараларын күшейту олардың құқықтарын қорғауға деген ұмтылысымен мүлдем түсіндірілмеген. Ең алдымен, бұл Ресейдің туземдік халқының басты иесі монархтың өзі болды деген пікірден жасалған.

Осылайша, Ежелгі орыс мемлекетінде, сондай-ақ орыс орталықтандырылған мемлекетінің құрылуы мен нығаюы кезінде, абсолюттік кезеңде адамдар түрлі жұмыстарды орындау үшін беру мақсатында немесе кейіннен сату және осындай мәміледен бас тарту үшін бөтен меншік ретінде ұрланды. Қоғамдық қатынастардың дамуымен осы қылмыс түрінің мазмұны өзгерді. Әсіресе бұл 1861 жылы Ресейдегі бекініс құқығының күшін жойғаннан кейін айқын көрінді. адамдарды, әсіресе балаларды пайдакүнемдік себептер бойынша ұрлаудың таралуы арнайы баптардың «қылмыстық және түзеу жазалары туралы сөздікке» (1885 ж.) енгізілуіне алып келді. Онда қылмыстың субъективті жағының себептері мен мақсаты сияқты белгілері нақты нақтыланды.

1885 ж. орналастыру нормаларын талдау адам ұрлаудың келесі түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, бұл «жай-күйі туралы заңдарға қарсы қылмыстар мен теріс қылықтар туралы» бөлімінде қаралатын адам ұрлау. Заңдар ұрлаудың қарапайым және квапицирленген түрлерін де қарастырған. «Баланың нақты шығу тегін немесе күйін жасыру ниетімен баланы ұрлау және жою» (1407-бап) білікті болып табылды. Бұл қылмыс үшін Санкциялар барлық күй құқығынан айыру және 4-тен 6 жылға дейінгі каторж жұмыстарына сілтеме жасау түрінде жаза көзделген. Айта кету керек, мұндай жаза үстем таптың балаларын ұрлағаны үшін ғана тағайындалуы мүмкін. Қарапайым баланы ұрлағаны үшін санкция үш есе аз болды.

Екіншіден, бұл «ар-намысты қорлау туралы» бөлімге енгізілген адамдарды ұрлау болды. Бұл қылмыстар «әйел немесе қыз баланы зорлау ниетімен ұрлау» (1529-бап) мақсаттарымен сипатталды. Бірнеше саралау белгілері де қарастырылған: «ар-намысты айыру үшін күшпен жасалған тұрмыстағы әйелдерді ұрлау» (1580-бап); «ұрлаушымен немесе басқа адаммен заңсыз некеге тұру үшін» (1581-бап), сондай-ақ «тұрмыстағы әйелдің келісімімен ұрлау» (1582-бап.).

1885 ж. ұсыныста адам ұрлағаны үшін қылмыстық жаза қарастырылған басқа да баптар бар. Бұл нормалар 1841 ж. халықаралық шартқа сәйкес, Ресей қол қойған жұмысшылардың саудасына қарсы күрес туралы заңға енгізілді. Ресей бодандығындағы немесе қамқорлығындағы (1410-бап) адамдарды ұрлау және құлдыққа сату, сондай-ақ африкалық ұлттардың саудасына қатысу қылмыс ретінде сараланды.

Ресей аумағында 1903 жылы қылмыстық тұрғыда адамдарды ұрлағаны үшін жазалауды қарастыратын нормалар қалыптасқан. Көбінесе олар қаралып отырған қылмыстың объективті және субъективті жақтарына қатысты болған. Мысалы, заң баланың еркіндігіне қол сұғушылықтың түрлерін келесідей бөліп көрсетті: жасырылған ұрлау; бас тарту; ата-аналардың заңды талабына қарамастан қайтармау. Қылмыстық істің 503-бабында ұрлаудың себептері мен мақсаттары көрсетілген; «қайырымдылыққа немесе өзге де зейінсіз жұмысқа», «пайдакүнемдік мақсатта», «баланы оның жай-күйі құқығынан айыру ниетімен». Әлбетте, бұл сол уақытта мұндай әрекеттердің кең таралуына және олардың едәуір қоғамдық қауіптілігіне байланысты болды. Заң шығарушы субъективті тараптың белгілерін да атап өтті, атап айтқанда, «немқұрайлылық үшін» деген мақсатпен ұрлауды «оның кінәсіздігі үшін» пайдалану» [8, 316]. Осылайша, капитализм жағдайында адамдарды ұрлау сипаты айтарлықтай өзгерді. Қайыр сұрау, некеге тұру және т. б. үшін балаларды ұрлау басым болды.

1922 жылғы КСРО ҚК бөтен баланы пайдакүнемдік мақсатпен, кек алу немесе басқа да жеке түрлерден ұрлағаны, жасырғаны немесе ауыстырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті көздеді. 1920-1950 жылдардағы статистика көрсеткендей, Ресей қоғамының қазіргі даму кезеңінде балаларды қоса алғанда, адамдарды ұрлау жағдайлары өте сирек болды. Мәселен, КСРО оқу мәліметтері бойынша, 1928 ж. КСРО ҚК 149-бабы бойынша (1926 ж.) баланың ұрлануы, жасырылуы және ауыстырылуы 19 жағдай тіркелді [9, 185]. Бұл қылмыстардың себептері көбінесе сатып алу, киетін заттарды иелену, сұрау салу үшін пайдалану болды.

Адам ұрлаудың басқа түрлері сол уақытта таратылмаған. Мүмкін, олар тоталитарлық режим жағдайында бола алмады. Сонымен қатар, елде жаппай қирау, кедейшілік байқалып, 7 млн. астам панасыз қалған балалар болды [10, 59-б.].

1960 жылғы КСРО Қылмыстық кодексі адамды ұрлау үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын арнайы норманы қамтымаған. Сонымен қатар, осы Заңның 125-бабы баланы ұрлағаны немесе ауыстырғаны үшін жаза белгілеген. Бұл қылмыстың объективті жағы бөтен баланы жасырын немесе ашық ұрлауға бағытталған әрекеттер болды. Көрсетілген екі тәсілден басқа (құпия немесе ашық) қылмыс алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен жасалуы мүмкін. Баланы ұрлаудың дербес түрі ретінде заң оны бөліп, ауыстыру, яғни, бір баланы басқасымен қасақана ауыстыру.

Мұндай қылмыстан тек 14 жасқа толмаған адам ғана зардап шекті. 1960 жылғы КСРО ҚК-нің жалпы адам ұрлау туралы дербес норманы бермеді. Мұндай әрекеттердің ерекше сирек жағдайлары сол кездегі тергеу және сот практикасы бас бостандығынан заңсыз айыру ретінде қарады (КСРО ҚК 126-бабы). Қоғамда осындай аса қауіпті әрекеттердің едәуір таралуына байланысты ғана заң шығарушы 1997 жылы қолданылып жүрген қылмыстық заңға адамды ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін норманы енгізуге мәжбүр болды (КР ҚК 125-бабы).

1.2 Адамды ұрлау қылмысының құрамы

Адам ұрлау түсінігі бұрыннан белгілі болып табылады. Ол туралы Ежелгі Грецияның антикалық мифтері айтып кеткен. Адам ұрлау тақырыбына көптеген өнер туындылары жазылған.

Бүгінгі қолданылып жүрген «киднеппинг» сөзі салыстырмалы түрде жақында пайда болды. Англияда "abduction" сөзі қолданылған, ол әйелді өз еркінен тыс ұрлау дегенді білдірді. Қазақ елінің тарихы да әйел ұрлаудың көптеген мысалдарын біледі. Кейіннен әйелдерді ұрлаумен қоса ерлерді, балаларды ұрлау фактілері де көбейді.

Адам ұрлау бүгінгі күні кең таралған құбылыс болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыста заңнамасына сәйкес бұл құбылыс құқықа қайшы, қоғамдық қауіп жоғары қылмыс ретінде танылған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 125-бабында адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылады, онда адам ұрлаудың жай, сараланған және ерекше сараланған құрамдары қарастырылады.

ҚР ҚК 125-бабының 1-бөлігі кінәні ауырататын және жеңілдететін мән-жайлары жоқ адам ұрлау үшін жауаптылықты қарастырады. ҚР ҚК 125-бабының 1-бөлігінің диспозициясы жай (атаулы) болып келеді, яғни адам ұрлаудың қандай да бір белгілерін сипаттаусыз адам ұрлау нысанында көрініс табатын қылмыстың атауын көрсетумен шектеледі.

Тергеу мен сот тәжірибесінде ҚК 125-бабының 1-бөлігін тәжірибелік қолдануға байланысты көптеген қиындықтар туындайды, өйткені адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін норманың диспозициясы жай диспозицияға жататындықтан әрекетті саралауға байланысты қиындық туындайды, яғни қандай әрекетті адам ұрлау деп тану мәселесі. Сондықтан қылмыстық заңнаманың 125-бабының бірінші бөлігін қазіргі контекстінде қалдыру тиімсіз және перспективсіз болып келеді. Сәйкесінше, жай диспозицияны сипаттамалық диспозицияға ауыстыратын кез келді [11].

Сипаттамалық диспозицияда қылмыстың негізгі белгілері көрсетіледі. Қылмыстық заңнаманың нормаларының диспозицияларының басым бөлігі сипаттамалық болып табылады, ол қылмыстық заңның дұрыс қолданылуына әсер етеді.

Адам ұрлау қылмысы үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін нормасының жай диспозициясын сипаттамалық диспозицияға ауыстыру заңда адам ұрлау қылмысының негізгі белгілерін көрсетуге мүмкіндік берер еді. Сипаттамалық диспозицияның жай диспозициядан басымдығы қылмыстық құқық теориясында және практикада нақты қылмыстарды дұрыс саралау мәселесін шешу кезінде өз көрінісін тапқан. Сипаттамалық диспозицияда заң шығарушы нақты қылмыстық белгілерін толығымен ашып көрсетеді. Егер заңнамада қандай да бір қылмыстың белгілері нақты көрсетілсе, қылмысты саралауда қате жіберу мүмкіндігі азайып, қылмыс үшін жауаптылық таңдау мәселесін дұрыс шешуге нақты мүмкіндік туындайды.

Жоғарыда айтқандарды ескере отырып қылмыстық кодекстің адам ұрлау үшін жауаптылық көздейтін нормасының жай диспозициясын сипаттамалық диспозицияға ауыстыру тиімді болар еді.

Тәжірибеде көрсетіп отырғандай адам ұрлау қылмысы көбінесе жәбірленушіні алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Кей жағдайларда адам ұрлау жәбірленушіге күш қолдану арқылы жүзеге асырылады, онда адамды күштеп ұстап алып, кейін көлікпен басқа жерге әкетеді.

Осыны ескере отырып, ҚР ҚК 125-бабының 1-бөлігін келесі редакцияда сипаттауды ұсынамыз: «Адамды оның еркінен тыс алдау немесе сенімді теріс пайдалану не жәбірленушіге күш қолдану арқылы ұрлау».

Қылмыстық заңнаманың адамның жеке басына адам ұрлау арқылы қол сұғатын нормасын жоғарыда көрсетіп өткендей жетілдіру өз кезегінде құқық қорғау органдарының осы санаттағы қылмыстармен күресудегі тиімділігі мен белсенділігін жоғарлатар еді.

Кез келген қылмыстың қылмыстық-құқықтық табиғатын ашу мәселесі оның құрамының элементтерін анықтаумен тығыз байланысты. Қылмыс элементтерін анықтауда ерекше орын қылмыстың объектісіне ие, өйткені қол сұғушылық объектісін анықтау қылмысты саралауда, жазаны дараландыруға және әрекеттің қоғамдық қауіптілігін анықтауда ерекше орынға ие.

Адам ұрлау қылмысының объектісінің белгілерін анықтау және тиісінше осы қылмысты қол сұғушылық объектісіне байланысты дұрыс саралау мәселесін шешу қылмыстық құқық теориясында қылмыс объектісіне қатысты қалыптасқан концептуалдық ережелердің негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Кеңестік кезеңдегі ғалымдар Н.Д.Дурманов, Н.И.Загородников, В.Н.Кудрявцевтер қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық қатынастарды атаған. Кеңестер одағы өмір сүрген уақытта қылмыстың объектісі қоғамдық қатынастар болып табылады деген пікірі тереңнен етек алып, басқа пікірлерге қарағанда доминанттық рөлге ие болды.

Ресейлік ғалым А.В.Наумовтың айтуынша қоғамдық қатынастар шынымен де көп жағдайларда қылмыстың объектісі болып табылады, мысалға меншікке қарсы қылмыстарда қылмыс объектісі ұрланған мүлік емес, сол мүлікке деген меншік құқығынан туындайтын мүлікке ие болу, пайдалану және билік ету қатынастары келеді. Бірақ кей жағдайларда қоғамдық қатынастың қылмыс объектісі ретіндегі теориясы жеткіліксіз болып шығады. Ол әсіресе жекеше адамға қарсы қылмыстарға қатысты байқалады, мысалға адам өлтіру, адам ұрлау және т.б.

Жоғарыда атап өткеніміздей бүгінгі күні қылмыстық заңнаманың қорғайтын ең басты қазынасы адам, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Осы кезде А.В. Наумовтың ұсынған пікірімен келіспеуге болмайды.

Соңғы жылдары қазақстандық ғалымдар қылмыс объектісіне қатысты жемісті зерттеу жүргізді. Е.И.Қайржановтың пікірі бойынша қылмыстың бірден бір объектісі мүдделер болып табылады, мүдде адамға қажет және пайдалы құндылықтардың жиынтығы болып табылады [12, 126].

Сәйкесінше қылмыстың объектісі ретінде қоғамдық қатынастар, құқықтар, заңды мүдделер және тиісті құндылықтарды тануымыз керек.

Қылмыс объектісі - кез келген қылмыс құрамының қажетті белгісі болып табылады. Ешқандай объектіге немесе қылмыстық заңмен қорғалмаймын объектіге қарсы бағытталған әрекет қылмыс болып саналмайды.

Сонымен, қылмыс объектісі ретінде адам қылмыс жасай отырып қол сұғатын және қоғамға қауіпті әрекетпен зиян келтіретін не келтіру қаупін тудыратын қылмыстық заңмен қорғалған әлеуметтік маңызды мүдделер, құқықтар және құндылықтардың кешенін түсіну керек.

Адам ұрлау қылмысының топтық объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын жеке тұлғаның мүдделері.

Адам ұрлаудың тікелей объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын адамның жеке бас бостандық (физикалық және моральдік) мүдделері. Жеке бас бостандық деп адамның еркін қозғалып тұру және әрекет ету бостандығы танылады.

Ал адам ұрлау қылмысының қосымша объектісі адамның өмірі, денсаулығы, мүлкі және өзге де құндылықтар жатады.

Кез келген адам оның жасына, әлеуметтік статусына, азаматтығына және өзге де қасиеттеріне қарамастан адам ұрлау қылмысы бойынша жәбірленуші болуы мүмкін.

Адам ұрлау қылмысының объективтік жағы қылмыстық жауаптылықты тағайындаудың міндетті негізі болып табылады, бірақ ҚК 125-бабының диспозициясында заң шығарушы осы қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын белгілерді көрсетпеген.

Жоғарыда атап өткеніміздей ҚР ҚК 125-бабының диспозициясы жай (кейбір қайнар көздерде оны «атаулы диспозиция» деп те атайды) диспозиция түрінде құрастырылған және қылмыс туралы сипаттауды екі сөзбен шектеледі: «адам ұрлау». Тәжірибеде ҚК 125-бабының диспозициясын қолданып, жауаптылықты таңдау кезінде сәйкесінші осы қылмысты қылмыс құрамының объективті белгілері бойынша саралауға байланысты көптеген қиындықтар туындайды.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объективтік жағы қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге қол сұғушылықтың сыртқы жағы ретінде сипатталады [13, 96].

Нақтырақ нұсқада қылмыс құрамының объективтік жағы қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге қоғамдық қауіпті актінің сыртқы көрінісі ретінде қарастырылған. Ол сыртқы акт өз көрінісін объективтік өмірде табады және қылмыс объектісіне зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін тудырады.

Академик В.Н.Кудрявцевтің пайымдауынша қылмыстың объективтік жағы заңмен қорғалатын объектілерге қоғамдық қауіпті және құқыққа қайшы қол сұғудың көрінісі болып табылады, ол субъектінің қылмыстық әрекетінен (әрекетсіздігінен) басталып, қылмыстық қорытындымен аяқталады.

Аяқталған қылмыстық объективтік жағынан біренеше компоненттерді көруге болады: қоғамдық қауіпті әрекет (әрекетсіздік), зиянды салдар, себепті байланыс, сонымен қоса қылмыс жасаудың орны, уақыты, тәсілі және жағдайы.

Б.А.Куриновтың жазуынша «...қылмыс құрамы элементтері ішінде объективтік жақ өзге элементтерге қарағанда толығырақ сипатталған... ерекше бөлімнің объективтік жақ белгілерін сипаттамайтын баптары жоқ. Сол уақытта ерекше бөлімде қылмыстық субъектісі мен субъективтік жағының мазмұнын ашпайтын баптар көп. Сондықтан қылмыстың объективтік жағы қылмыстық әрекеттің негізгі элементі болып табылады. Әрекеттің сыртқы жағында оның қоғамдық қауіптілігі көрінісі табады» [14, 96].

Яғни қылмыстық құқықтың теориясында қылмыстың объективтік жағы қоғамдық қауіпті әрекеттің сыртқы әлемде көрінісін табатын негізі элементі ретінде танылады. Тек қоғамдық заңмен қорғалатын объектіге қол сұғумен көрініс табатын қоғамдық қауіпті әрекеттің болу фактісі анықталған жағдайда ғана адамды қылмыс құрамының объективтік жағы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі көтеріледі.

Қоғамдық қауіпті әрекет жасай отырып, субъект қоршаған ортаға әсер етеді, онда өзгерістер жасайды, ол өзгерістер өз кезегінде құбылыстардың өзгеруіне әкеледі.

Қылмыстың объективтік жағы жәбірленушіні оның тұрақты немесе уақытша тұратын жерінен оның еркіне қарсы немесе одан басқа жерге басып алу және заңсыз ауыстыру арқылы адамды бас бостандығынан айыруға әкеп соғатын іс-әрекеттерден көрінеді.

Адамды ұрлау деп жасырын немесе ашық, не алдау арқылы оны иелену, сондай-ақ жәбірленушінің тұрған жерінен орнын ауыстыру және оның еркінен тыс басқа жерде ұстап қалуға бағытталған құқыққа қарсы қасақана іс-әрекеттерді түсіну керек.

Жеке еркіндік тұрғылықты жерін, орнын, тұратын жерін таңдау құқығын білдіреді.

Қылмыс құрамының құрылысы бойынша қылмыс құрамы формальды болып табылады. Адамды қолға алған сәттен бастап аяқталған ұрлық деп танылады. Ең бастысы, жәбірленуші кінәлінің қарамағында болған уақыт емес, ұрлау фактісі болып табылады. Адамның ұрлауға ерікті келісімі осы қылмыстың құрамын жоққа шығарады. Сондай-ақ, өзінің тағдырына мүдделі, оның тәрбиесінде жүрген басқа ата-анасының немесе жақын туыстарының еркіне қарамастан, өз баласының немесе ұлын алу жағдайы баланы ұрлау деп танылмайды.

Адам ұрлау әрқашан адамның белсенді әрекеттерімен жасалады. әрекетсіздік арқылы бұл қылмыстың объективтік жағын орындау мүмкін емес, өйткені адам ұрлау қылмысы міндетті белгісі жәбірленушінің оның еркінен тыс күш қолдану арқылы кеңістікте орынын ауыстыруға бағытталған белсенді әрекеттермен сипатталады.

Адамды ұрлауға бағытталған әрекеттер әртүрлі нысанда жүзеге асуы мүмкін.

Профессор А.М. Мамутов әйел ұрлау қылмысының объективтік жағының белгілерін аша отырып, көрсетті: «Әйелді оның еркінен тыс ұрлаудың объективтік жағы белсенді әрекеттермен сипатталады. Әрекетсіздікпен ұрлау мүмкін емес. Ол кез келген әрекет емес, әйелдің орынын ауыстыруға мәжбүрлеген әрекет...» [15].

Ары қарай А.М.Мамутов әйел ұрлауға бағытталған әрекеттердің жасалуы тәсілін жүйелендіреді.

А.М. Мамутовтың ұсынған әйелді ұрлауға бағытталған әрекеттердің жүйесін негізге ала отырып, тек әйелді ғана емес, кез келген адамды ұрлаудың келесідей тәсілдерін көрсетуге болады:

Алып қашу (умыкание), адамды алып кету арқылы ұрлау.

1. Ұрлаушының қулығына негізделген жәбірленушіні алдау немесе сенімін теріс пайдаланып ұрлау.

2. Адамды жәбірленушіге физикалық күш қолдану немесе психикалық әсер ету арқылы ұрлау:

Сонымен қоса адам ұрлау қылмысы жәбірленушінің дәрменсіз жағдайын пайдалана отырып жасалуы мүмкін.

Қылмыстық құқықта адам ұрлаудың объективтік жағының мазмұнын ашу көптеген қиындықтар туындатады, өйткені ұрлаудың, сондай-ақ ұрлықтың түсінігі көбінесе мүлікті ұрлауға қатысты сипатталады. Сондықтан адам ұрлау үшін қылмыстық құқықтық жауапкершілік туралы сөз болғанда қылмыстың бұл санатының ерекшеліктерін ескеру керек [16, 78б.].

Осыған байланысты қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объективтік белгілеріне байланысты қылмыстық әрекеттің жасалуының нақты нысандары көрсетілген.

Қылмыстық әрекеттің нақты нысандары әртүрлі болып келеді. Ол қылмыстық құқықтың ерекше бөлігімен қарастырылады. Сол уақытта олар нақты әрекеттермен, қылмыс жасау орнымен және уақытымен сипатталуы мүмкін. Қылмыстық құқық теориясында қылмыс жасаудың нысандарын екі түрмен сипаттауға ұмтылыс жасалған: қорқыту және алдау. Бірақ қорқытумен де, алдаумен де жасалмайтын қылмыстар болады.

Қылмыстық құқық теориясында әрекеттің тәсілінің ерекшеліктері қылмыстың объективтік жағының қажетті белгісі ретінде сипатталады. Мысалға, заң бөтеннің мүлкін ұрлаудың тәсіліне қарай

келесідей түрлерін боліп көрсеткен: ұрлық - яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау, тонау - яғни бөтен мүлікті ашық ұрлау, қарақшылық - яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау. Кей жағдайларда қылмыс жасаудың тәсілі қылыстың қауіптілік деңгейін жоғарлатады, оны сараланған түрге ауыстырады. Мысалға қарақшылықтың сараланған түрі денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан қарақшылық болып табылады.

Қылмыс жасаудың кейбір түрлері ол заңмен сараланған мән-жай ретінде қарастырылмауына қарамастан әрқашан жауаптылықты ауырлататын мән жай ретінде танылады. Оған жәбірленушіні ерекше қаталдықпен өлтіру, қоғамдық қауіп кезінде қылмыс жасау, қылмысты қауіпті тәсілмен жасау жатады.

Қылмыстық заңнама қылмыстың құрамының аяқталу сәтін әрекет немесе әрекетсіздіктің жасалу уақытымен немесе кейінгі нақты салдардың туындауымен байланыстырады.

Қылмыстық кодекстің 125-бабының 1-бөлігі қылмыстың аяқталған құрамы ретінде адамды ұрлаудан көрінетін әрекетерді таниды.

Қылмыстық кодекстің 125-бабының 2-бөлігіне сәйкес адам ұрлаудың сараланған құрамдары ретінде: алдын ала сөз байласып адамдар тобымен; бірнеше рет; өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып; қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып; кәмелетке толмағандығы көрінеу адамға қатысты; кінәліге жүктілік жағдайында екендігі көрінеу әйелге қатысты; екі немесе одан да көп адамға қатысты; пайдакүнемдік ниетте жасалған адам ұрлауды таниды.

Ал ҚР ҚК 125-бабының 3-бөлігі бойынша адам ұрлаудың ерекше сараланған құрамдары ретінде ұйымдасқан топ жасалған; ұрланған адамды пайдалану мақсатында жасалған; абайсызда жәбірленушінің өлуіне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соққан қылмысты танийды.

Көп жағдайда адам ұрлау кезінде қылмыскерлердің күш қолдану немесе алдау тәсілін қолданатынын байқауға болады. Адам ұрлаудың сыртқы белгілері мүлікті ұрлауға қарағанда өзіндік ерекше белгілері бар, ал ерекшеліктерді адам ұрлау құрамының конструкциясын объективтік жағы бойынша анықтауда және ол үшін қылмыстық жауаптылықты дифференцияциялауда ескеру керек.

Ең бірінші «ұрлау» және «ұрлық» терминдерінің арақатынасын ашып көрсету керек.

«Ұрлық» сөзі бөтеннің мүлкін құқықа қайшы жолмен алуды білдіреді және мүлікке қатысты қолданылады.

«Ұрлау» термині жасырын алу, алып кету дегенді білдіреді.

Адам ұрлауға мүлікті ұрдаудың сыртқы белгілері тән болып келеді. Мысалы егер адам ұрлау жәбірленушінің дәрменсіз жағдайын, яғни мас немесе ұйқылы күйін пайдалану арқылы жасалса, онда кінәлінің әрекеттерінде ұрлыққа тән белгілері бар.

Егер адам ұрлау жәбірленушіні алдау жолымен немесе сенімді теріс пайлаланумен жасалса онда алаяқтыққа ұқсас әрекеттер орын алады.

Егер ересек адамның қарауына бала немесе әрекет қабілетсіз адам сеніп тапсырылса және ол адам сенімді теріс пайдаланып баланы немесе әрекет қабілетсіз адамды ұрлап кетсе, онда бұндай әрекеттер ееніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу қылмысына сырттай ұқсас болады [17, 175б.].

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану арықылы адамды ашықтан ашық ұрлаған кезде ондай әрекеттерден мүлікті тонаудың белгілері байқалады.

Адам ұрлау жәбірленушіге күш қолдану қауімімен не бөтен мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның туыстарын масқаралайтын мәліметтерді таратумен не жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жариялау қауімімен ұрлаушының бұйрықтарын орындап, өзімен бірге жүруді талап ету арқылы жасалуы да мүмкін. Адам ұрлаудың мұндай нысаны қорқытып алушылық белгілеріне ұқсас.

Сәйкесінше жоғарыдағыдан көріп отырғанымыздай адам ұрлау қылмысының объективтік белгілері көп жағдайларда мүлікті ұрлауға бағытталған қылмыстық әрекеттерге ұқсас. Бірақ заң шығарушы адам ұрлауға қарағанда мүлікті ұрлау қылмысының түрлері мен оған жауаптылықты детальді түрде регламенттеген. Бұл менің ойымша заңнаманың кемшілігі болып табылуы да мүмкін. Ондай кемшілікті меншік құқығына қарсы қылмыстардың көптілігімен де түсіндіруге болады, бірақ соңғы жылдардағы статистикалық мәліметердің корсетуі бойынша адам ұрлау қылмысы да күрт көбеюде, сондықтан осыған байланысты адам ұрлаудың жекелеген түрлерін айқындап, ол үшін жауаптылықты дербестендіру қажеттілігі нақ бүгін туындап отырған сияқты.

Сондай-ақ барлық көрсетілген мән-жайларды адам ұрлау қылмысының объективтік белгілерін анық оқып, зертегенде білуге болушы еді. Бірақ жоғарыда бірнеше рет атап өтіп кеткеніміздей ҚК 125-бабының диспозициясы адам ұрлаудың объективтік белгілері сипатталмағандықтан, адам ұрлау қылмысы жасау кезінде орын алатын көптеген фактілер қылмыстық заңнамамен қамтылмай қалып отыр тиісінше олар қылысмыстық жауапты емес.

Қылмыстық заңнамада нақты қоғамды қауіпті әрекет үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі анық көрініс табуы керек. Қылмыстық кодексте барлық қылмыстардың құрамдары қоғамдық қауіпті әрекеттерді бір бірінен ажырата алатындықтай дәрежеде толық дәрежеде сипатталуы тиіс.

Сондықтан қоғамдық қауіпті әрекеттің заңи түсініктемесі ретіндегі қылмыс құрамына міндетті түрде тиісті адамның әлеуметтік қауіпті әрекеті сәйкес келуі тиіс, онда қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі болып табылатын объективтік және субъективтік элементтер мен олардың белгілерінің қажетті және жеткілікті жиынтығы болуы тиіс.

Яғни әрекет етуші қылмыстық кодекстің 125-бабы адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылықтың міндеттілігі үшін қылмыстың объективтік жағы шегінде барлық әрекеттерді толық көлемде қамтылмайды. Сондықтан ҚК 125-бабына адам ұрлауды сипаттайтын барлық белгілерді сипаттауға байланысты жауаптылықты көздейтін шектерде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық объективтік жағының міндетті белгісі әрекет пен туындаған зардаптың арасындағы себепті байланыс табылады.

Адам ұрлау қылмысы адамды ұстап алып және оны біраз болсын орынын кеңістікте ауыстырғаннан кейін аяқталған болып саналады.

Ал жалпы адамды ұрлау фактісі жасырын және ашық адам ұрлау нысанында сипатталуы мүмкін.

Заңи әдебиетте адам ұрлау қылмысы үш әрекеттің жиынтығынан тұрады деген тұжырым қалыптасқан. Яғни адамды ұстау, оны кеңістіктегі орнын ауыстыру және нақты бір жерде ұстап отыру.

Адамды ұрлап әкеткеннен кейін оны ұстап отыру фактісі орын алуы тиіс, және бұл жерде ұстап отырудың ұзақтығы маңызды емес. Адам ұрлауда жәбірленушінің келісімінің белгілері болса және ол адам ұрлаудың инсценировкасы болып табылатын болса, бұл жерде ҚК 125-бабы бойынша

қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі болуы мүмкін емес. Онда бұл жерде қылмыстық адам ұрлау болып табылмайтын «символикалық адам ұрлау» орын алады.

Сондай-ақ өзінің немесе асырап алған баласын басқа ата-ананың немесе туыстардың еркінен тыс алып кою да ҚК 125-бабымен сараланбайды. Және бұл реттерде баланы ұрлаған ата-ана ата-аналық құқықтарынан айырылған айырылмағандығы маңызды емес. Егер бала оның жақын туыстарымен ата-анасының еркінен тыс ұрланған кезде ол егер баланың мүддесі үшін болса адам ұрлау қылмысы орын алмайды.

Сонымен қоса адам ұрлау қылмысы өзге де қоғамдық қауіпті әрекеттермен ұштасуы мүмкін. Мысалға, өлтіремін деп немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп, сол сияқты адамның жеке басына өзге ауыр күш көрсетемін не мүлікті өртеп құртамын деп, жарылыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту. Кейбір жағдайларда адам ұрлау жәбірленушіні алдын ала негізделген мақсаттарды қанағаттандыру үшін физикалық және психикалық мәжбүрлеумен ұштасады, мысалға, босатудың шарты ретінде ақша талап ету, қарыздарды кешіктіруге мәжбүрлеу, құнды заттарды (көлік, құнды қағаз, үй) беруге мәжбүрлеу. Яғни қорыта келе, жоғарыда көрсетілген әдіс тәсілдердің барлығы өздерінің жиынтығы бойынша қылмыстық адам ұрлаудың объективтік жағының белгілерінің мазмұнын құрайды

Сонымен жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей адам ұрлау әрқашан адамның белсенді әрекеттерімен жасалады.

Әрекетсіздік арқылы бұл қылмыстың объективтік жағын орындау мүмкін емес, өйткені адам ұрлау қылмыстың міндетті белгісі жәбірленушінің оның еркінен тыс күш қолдану арқылы кеңістікте орынын ауыстыруға бағытталған белсенді әрекеттермен сипатталады.

Адам ұрлау қылмысы жасалған кезде жәбірленуші физикалық бостандығынан айырылады, оның еркінен тыс оның кеңістегі орны ауысады, оған қатысты күш қолданылуы мүмкін.

Адам ұрлау физикалық күш қолданумен де, психикалық күш қолданумен де жүзеге асырылуы мүмкін, яғни қорқыту арқылы. Сондай-ақ адам ұрлау алдау немесе дәрменсіз жағдайын пайдалану арқылы (мас болу, ауру болу немесе өзге де күш қолдану қажет етпейтін жағдайлар) жүзеге асырылуы да мүмкін.

Сондай-ақ барлық көрсетілген мән-жайларды адам ұрлау қылмысының объективтік белгілерін анық оқып, зертегенде білуге болушы еді. Бірақ жоғарыда бірнәйе рет атап өтіп кеткеніміздей ҚК 125-бабының диспозициясы адам ұрлаудың объективтік белгілері сипатталмағандықтан, адам ұрлау қылмысын жасау кезінде орын алатын көптеген фактілер қылмыстық заңнамамен қамтылмай қалып отыр, тиісінше олар қылмыстық жауапты емес.

Адамды ұрлап әкеткеннен кейін оны ұстап отыру фактісі орын алуы тиіс, және бұл жерде ұстап отырудың ұзақтығы маңызды емес.

Адам ұрлауда жәбірленушінің келісімінің белгілері болса және ол адам ұрлаудың инсценировкасы болып табылатын болса, бұл жерде ҚК 125-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесі болуы мүмкін емес.

Жоғарыдағыдан байқағанымыздай адам ұрлау қылмысының объективтік белгілері көп жағдайларда мүлікті ұрлауға бағытталған қылмыстық әрекеттерге ұқсас. Бірақ заң шығарушы адам ұрлауға қарағанда мүлікті ұрлау қылмысының түрлері мен оған жауаптылықты детальді түрде регламенттеген. Бұл менің ойымша заңнаманың кемшілігі болып табылуы да мүмкін.

Ондай кемшілікті меншік құқығына қарсы қылмыстардың көптілігімен де түсіндіруге болады, бірақ соңғы жылдардағы статистикалық мәліметердің көрсетуі бойынша адам ұрлау қылмысы да күрт көбеюде, сондықтан осыған байланысты адам ұрлаудың жекелеген түрлерін айқындап, ол үшін жауаптылықты дербестендіру қажеттілігі нақ бүгін туындап отырған сияқты [10, 826.].

Жалпы адам ұрлау қылымысының объективтік белгілерін толық ашу үшін оның қылмыстық-құқықтық негізі болуы керк, ондай негіз нақты қылмыс үшін жауаптылықты белгілейтін сипаттамалы диспозицисы болып табылады, сондықтан заңнамаға өзгеріс енгізу арқылы адам ұрлаудың диспозициясын жайдан сипаттамалыққа алмастыру керек.

Осы айтылғандар негізінде төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

Адам ұрлаудың қоғамдық қаупі адамның Конституциямен кепілдік берілген бостандыққа құқықтарын бұзудан тұрады. Адамды ұрлау көбінесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру қаупімен, зорлаумен немесе басқа да қылмыстық әрекеттермен қатар жүреді және әртүрлі қылмыстық мақсаттар болуы мүмкін.

Қылмыс объектісі адамның жеке еркіндігі болып табылады. Қосымша нысан ретінде ұрланған адамның өмірі мен денсаулығы болуы мүмкін. Жасына, жынысына, жұмыс орнына және т. б. қарамастан кез келген адам жәбірленуші бола алады.

Қылмыстың объективтік жағы жәбірленушіні оның тұрақты немесе уақытша тұратын жерінен оның еркіне қарсы немесе одан басқа жерге басып алу және заңсыз ауыстыру арқылы адамды бас бостандығынан айыруға әкеп соғатын іс-әрекеттерден көрінеді.

Адам ұрлау түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық диспозициясы құрылысы бойынша жай диспозицияға жататындықтан оны түсіну мәселесі құқық қолданушылар үшін қиындық туғызуда. Сондықтан осы зерттеу жобасының авторы оны, сипаттамалы диспозицияға ауыстыруды жөн санаушы авторларға қолдау көрсете отырып, адамды ұрлау деп жасырын немесе ашық, не алдау арқылы оны иелену, сондай-ақ жәбірленушінің тұрған жерінен орнын ауыстыру және оның еркінен басқа басқа басқа жерде ұстап қалуға бағытталған құқыққа қарсы қасақана іс-әрекеттерді түсіну керектігін белгілейді.

Адам ұрлаудың субъективтік белгілері

Адам ұрлау қылмысы субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен сипатталады. Кінәлі адам өзінің адамды еркінен тыс ұрлауға байланысты әрекеттерінің құқыққа қайшылығын және қоғамдық қауіптілігін түсінеді және сол әрекеттердің жасалуын тілейді.

Адам ұрлауда ең көң тараған ниет - пайдақорлық ниет болып табылады. Өзге де ниеттер болуы мүмкін: кек, қызғаныш, бұзақылық, өзге қылмыстың жасалуына жағдай жасау. Пайдақорлық ниетті қоспағанда, өзге ниеттер қылмысты саралауға әсер етпейді [18, 876.].

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың субъективтік жағы қоғамға қауіпті әрекеттің ішкі мәні ретінде сипатталады. Қылмыстық субъективтік жағы кінәлінің жасалып жатқан қоғамдық қауіпті әрекетке деген психикалық қатынасы болып келеді және ол кінә, ниет, мақсат және эмоциядан тұрады. Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімі бойынша оқулықтардың бәрінде қылмыстың субъективтік жағы осылай сипатталады.

Қылмыстық заңнамада «субъективтік жақ» түсінігі қолданылмайды. Бірақ заң шығарушы оның мәнін кінә, ниет және мақсат деген түсініктерді қолдану арқылы ашады. Бұл түсініктердің әрқайсысы қылмыстың психикалық мәнін әр қырынан сипаттайды.

Кінә кінәлі адамның қоғамдық қауіпті әрекет пен қоғамдық қауіпті салдарға деген психикалық көзқарасын білдіреді. Ол қасақана және абайсыздықта болуы мүмкін. Адам ұрлау қылмысы тек қасақанылықпен, және тек тікелей қасақаналықпен жасалады.

Ниет қылмыс жасауға сенімділікті тудыратын бастама.

Қылмыстық мақсат - бұл қылмыс жасаушы адамның ұмтылатын және күткен қорытындысы.

Шынымен де, заңнамада қылмыстың субъективтік жағы туралы ештеңе айтылмайды. Сонымен қатар ҚК 19-бабына сәйкес «Адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс» деп белгіленеді. Заңға сәйкес объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

В.В. Лунеевтің жазуынша қылмыстың субъективтік жағы қылмыскердің жалпы жасап отырған қылмысқа және оның жеке бөліктеріне (қоғамдық қауіпті әрекетке, зардапқа, олардың арасындағы себепті байланысқа, қылмыстың жасалу орны мен уақытына және тағыда басқа) деген психикалық қатынасы және ол өте күрделі мәселе болып келеді де, жалпы және ерекше қылмыстық құқықтық маңызы бар өзара байланысты қылмыстық-құқықтық элементтерден тұрады. Оларға кінә, ниет, мақсат және қылмыс жасаған кездегі адамның эмоционалдық жағдайы [19].

Қылмыстың субъективтік жағының негізгі белгісі кінә болып табылады. Ол негізді болып келеді. Кез келген әрекет ету актісі оны жасаған адамның кінәсі болғанда ғана қылмыс болып саналады.

Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей, адам ұрлау қылмысы кезінде кінәнің тікелей қасақаналығы орын алады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 20-бабының 2-тармағына сәйкес егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, қылмыс тікелей ниетпен жасалған қылмыс деп танылады.

Яғни адам ұрлау қылмысы кезінде ұрлаушы өзінің әрекетінің қоғамға қауіпті екенін ұғынады, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала біледі және осы зардаптардың болуын тілейді.

Заңнамада көрсетілген тікелей қасақаналықтың осы сипаттамалық белгілері қылмыс жасаған адамның әрекетіне нақты баға беруге негіз болып саналады. Бірақ кейбір қылмыстардың құрамдарын терең анализдей келе нақты бір қылмыстардың субъективтік жағының ерекшеліктерін анықтау кезінде қиындықтар туындайтынын айту керек.

Адам ұрлау қылмысының құрамына құқықтық анализ жасау кезінде әр нақты жағдайға байланысты кінә, қылмыс жасау ниеті мен мақсатын анық талдау жасау керек. Қылмыс оқиғасының бұл мән-жайлардың барлығын анықтамау соттың ең соңында іс бойынша дұрыс шешім қабылдамауына әкелуі мүмкін. Мысалға адам ұрлауда пайдакүнемдік ниеттің болғанын дұрыс анықтамау әрекеті ҚК 125- бабының 2-бөлігімен емес 125-баптың 1-бөлігімен қате саралауға әкеп соқтырады және тиісінше жауаптылықтың мөлшері дұрыс анықталмайды. Немесе адам ұрлауда алдын ала пайдакүнемдік ниет болмаса, ол тек жәбірленушіге қатысты тек жеке ұнамастық ниеттерге негізделсе, әрекетті жай адам

ұрлау деп танып, ҚК 125- бабының 1-бөлігімен саралау керек. Сондықтан субъективтік жақтың белгілерін дұрыс анықтау адам ұрлау қылмысын дұрыс саралаудың кепілі болып табылады [20, 297б.].

Қылмыстың субъективтік жағы субъектінің жасалаған қоғамдық қауіпті әрекетке және оның салдарына деген психикалық қатынасы және қылмыстың субъективтік жағына қылмыспен байланысты адамның психикалық қызметі екенін ескере отырып, кейбір ғалымдар кінәні субъективтік жақты ядросы болып табылатын психикалық қатынастың бір формасы деген қорытындыға келіп отыр.

Адам ұрлау қылмысының ниеттері әртүрлі болуы мүмкін. Профессор У.С.Жекебаев индивидтің әрекетінің ниетін анықтаудың маңызын көрсете отырып былай деп жазады: «адам тұлғасының құрылымын терең түсіну үшін, оны дамытып, бағыттайтын факторлардың заңдылығын анықтау үшін, соның ішінде әлеуметтік теріс бағытталған тұлғаның да, индивидтің қылмыстың іс-әрекетінің басымды ниеттерінің мәні мен табиғатын анықтау өте қажет теориялық және практикалық маңызға ие. Бұл мәселелер ғалым-заңгерлерді қызықтырмайды деп айтуға болмайды. Қылмыстың субъективтік жағына құқықтық анализ жасалған кезде тұлғаның оның әрекетіне деген психикалық қатынасы анықталады, яғни кінә нысаны, қылмыстық ниет пен мақсат, бірақ бұлар қылмыс құрамын талдау үшін, қылмысты ұқсас қылмыстардан ажырату және қылмыстық жазаны жеке дараландыру үшін зерттеледі» [21].

Қылмыстық адам ұрлау кезіндегі қылмыстық ниетті анықтау бірінші кезекте адам ұрлау қылмысының құрамын талдау, оны ұқсас қылмыстардан (босандығынынан заңсыз айыру, адамды кепілге алу және басқа) айыру үшін қажет.

Егер қылмыстың ниетінің анықтамасы туралы айтатын болсақ, қылмыстық ниетке қатысты толық анықтаманы профессор К.Е.Игошев берген: «қылмыстың ниетін әлеуметтік орта мен тұлғаның өмірлік тәжірибесінің әсерімен қалыптасқан, қылмыстық қызметтің ішкі себебі болып табылатын және жеке тұлғаның қылмыстық қызметінің бағытына әсер ететін бастамасы (побуждение)» [22].

Осы көрсетілген ережеге сәйкес қылмыстық құқық теориясында адам ұрлау қылмысының ниеті адам ұрлау қылмысын жасауға бет алған адамға әлеуметтік орта мен қылмыскердің өмірлік тәжірибесі әсер еткен бастама деп анықталады. Және мұндай ниетті қылмыстық қол сұғушылықтың ішкі себебі деп тану керек.

Қылмыстық құқық қылмыстық мінез-құлықтың сыртқы көрінісін ғана зерттейді, өйткені ой әлі де қылмыс емес, сол себепті де тек қана қылмыстың объективтік жағы (қылмысқа дайындалудан бастап) көрініс тапқанда ғана ол іске кіріседі. Ал криминология болса, оны микрокриминологиялық деңгейінде себептерін зерттейтін болғандықтан әуелгі түрткісінен бастап, тіпті, ол мотивтің пайда болуының да себептеріне тереңдеп үңіледі. Адам ұрлаудың ниеті мен мақсаты адам ұрлау қылмысын өзге ұқсас қылмыстардан ажыратуда ерекше ольге ие болады, мысалға бас бостандығынан заңсыз айыру, адамды кепілге алу. ҚК 125-бабы бойынша күш қолдану не алдау арқылы, сенімді теріс пайдалану арқылы немесе қорқыту адам ұрлауға байланысты әрекеттер саралануы керек.

Мысалға субъективтік жағы бойынша адам ұрлау қылмысы адамды кепілге алу қылмысынан айыруға болады.

Адамды кепілге алу қылмысы өзінің субъективтік жағы бойынша адам ұрлау қылмысы сияқты тікелей қасақаналықпен сипатталады. Кінәлі адам адамды құқыққа қайшы кепілге ала отырып, мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ететінін түсінеді және сол әрекеттердің болуын тілейді.

Адамды кепілге алу қылымысына қарағанда адамды ұрлауда кінәлі адам басқа адамды оның еркінен тыс оның орнын ауыстыратынын түсінеді және оны тілейді. Сондықтан осы екі қылмыстың құрамының интеллектуалдық моменттері әртүрлі. Мысалға адамды кепілге алу қылмысында кінәлінің санасымен адамның қоғамның қауіпсіз өмірін қамтамасыз ететін қатынастарға қарсы құқыққа қайшы әрекеттер қамтылады, атап айтқанда: тұлғаның қауіпсіздігі, ұйымдардың дұрыс қызметін бұзу. Өз кезегінде адам ұрлау қылмысының тікелей қасақаналығының интеллектуалдық моменті кінәлі адам қылмыс жасай отырып басқаның бостандығынан айыруын түсінумен сипатталады. Сондай-ақ, кепілге алу қылмысының субъективтік жағының міндетті белгісі арнайы мақсаттың болуы - мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету мақсаты. Қарастырылып отырған қылмыстарды жасаудың ниеттері әртүрлі болуы мүмкін.

Адам ұрлау үшін қылымыстық жауаптылықты тиісті тағайындап, жаза жеке дараландыру үшін қылмысының құрамына құқықтық анализ жасау кезінде әр нақты жағдайға байланысты кінә, қылмыс жасау ниеті мен мақсатын анық талдау жасау керек. Қылмыс оқиғасының бұл мән-жайлардың барлығын анықтамау соттың ең соңында іс бойынша дұрыс шешім қабылдамауына әкелуі мүмкін. Мысалға адам ұрлауда пайдакүнемдік ниеттің болғанын дұрыс анықтамау әрекетті ҚК 125-бабының 2-бөлігімен емес 125-баптың 1-бөлігімен қате саралауға әкеп соқтырады және тиісінше жауаптылықтың мөлшері дұрыс анықталмайды. Немесе адам ұрлауда алдын ала пайдакүнемдік ниет болмаса, ол тек жәбірленушіге қатысты тек жеке ұнамастық ниетерге негіделсе, әрекетті жай адам ұрлау деп танып, ҚК 125-бабының 1-бөлігімен саралау керек. Сондықтан субъективтік жақтың белгілерін дұрыс анықтау адам ұрлау қылмысын дұрыс саралаудың кепілі болып табылады. Адам ұрлаудың ниеті мен мақсаты адам ұрлау қылымысын өзге ұқсас қылмыстардан ажыратуда ерекше рольге ие болады, мысалға бас бостандығынан заңсыз айыру, адамды кепілге алу. ҚК 125-бабы бойынша күш қолдану не алдау арқылы, сенімді теріс пайдалану арқылы немесе қорқыту адам ұрлауға байланысты әрекеттер саралануы керек. Адамды кепілге алу қылмысы өзінің субъективтік жағы бойынша адам ұрлау қылымысы сияқты тікелей қасақаналықпен сипатталады. Кінәлі адам адамды құқыққа қайшы кепілге ала отырып, мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ететінін түсінеді және сол әрекеттердің болуын тілейді.

Сонымен, адам ұрлаудың субъективтік жағы адам ұрлаушының қылмыстық әрекетінің ішкі психологиялық сипаттамасы, ол өз көрінісін жалпы кінәлінің жасап жатқан әрекетіне және оның құқықтық маңызды объективтік сипаттағы элементтеріне (қоғамдық қауіпті әрекет, бас бостандығынан айыру және еркінен тыс басқа жерге апару түріндегі салдар, қылмыс жасаудың уақыты, орны, құралы, тәсілдері) деген психикалық қатынасынан көрініс табады.

Адам ұрлау қылмысы өзінің объектісінің құндылығына байланысты қоғамдық қауіптілігі жоғары қылмыстар қатарына жатады. Қылмыстық адам ұрлау қылымысының субъектісі болып 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға танылады.

Жалпы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыс субъектісінің анықтамасы берілмеген. ҚК 15-бабы қылмысқа тартылуға тиіс тұлғалар туралы айтылады.

Қылмыстық заңнамада қылмыстың субъектісіне қатысты түсініктеменің осындай қысқа болуына байланысты қылмыстың субъектісін анықтау кезінде теориялық тұрғыдан алғанда нақты қиындықтар туындайды.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстың субъектісі болып есі дұрыс және қылмыс жасаған уақытта қылмыстық заңда көрсетілген жасқа толған адам табылады. Қылмыстың субъектісі болып қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған және заңға сәйкес сол үшін қылмыстық жауаптылықты көтеруге қабілеті бар адам танылады.

Әрекет етуші заңнамаға сәйкес қылмыс субъектісі келесідей белгілермен сипатталады:

1. Қылмыс субъектісі тек жеке тұлға болады. Заңды тұлғалар (кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар) қылмыстың субъектісі болып табылмайды. Кейбір авторлардың Қылмыстық кодекске заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы туралы нормалар енгізу туралы ұсыныстары негізсіз болып табылады.

2. Қылмыс субъектісі болып кез келген жеке тұлға емес, тек есі тұрыс тұлғалар танылады. Қылмыстық заңнамада есі дұрыстықтың түсінігі берілмеген, ол тек есі дұрыс емес адамның өзінің әрекеттеріне жауап беріп, оларға басшылық жасай алмауынан көрініс табады. Есі дұрыс емес адам ешқандай жағдайларды қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы тиіс».

Е.Қаиржановтың жоғарыдағы қылмыс субъектісіне қатысты берген сипаттамасы өз мәні мен мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасындағы қылмысы субъектісіне берілген түсініктеменің көрінісі болып табылады. Ол түсініктеме қылмыстық заңнамадағы реформалардан кейін қалыптасып, қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс субъектінің жалпы белгілері анықталды. Адамды қылмыстың субъектісі деп тану үшін ол осы үш белгінің жиынтығына ие болуы тиіс, бір белгінің жоқ болуы, қылмыстың субъектісінің жоқ екендігін көрсетеді, сәйкесінше мұнда қылмыс құрамы жоқ. Ал, қылмыстық құқықтың пәнінен білетініміз қылмыс құрамы жоқ болуы, қылмыстың субъектісінің жоқ болуы, қылмыстың жоқтылығының белгісі.

Есі дұрыстық - адамның қылмыстық заңмен белгілеп қоғамға қауіпті әрекет жасау кезеңіндегі өз әрекеті (әрекетсіздігі) сипатын және оның қоғамға қауіптілігін түсінуі және оған басшылық ету қабілеті.

Адам қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған кезде өзінің іс-әрекетіне жауап бере алмаса, яғни қылмысты есі дұрыс емес күйінде жасаса, онда ол адамның іс-әрекетінде кінәнің екі нысаны: қасақаналық пен абайсыздық жоқ деп есептеледі. Қоғамға қауіпті іс-әрекетін ұғынып, оның мағынасына жетіп, ақылы мен естілікпен істеген есі дұрыс адам ғана қылмыс үшін кінәлі деп танылады. Керісінше, қоғамға қауіпті іс-әрекет істеген кезде есі дұрыс емес күйде, өзінің іс-әрекеті жөнінде өзіне есеп бере алмайтын, өз әрекетін басқара алмайтын, қылмыс субъектісі бола алмайды.

Қылмыстық заңның нормалары әрқашан дұрыс психикалық қабілетке ие, қоршаған ортада жүріп-тұру ережелеріне қалыптасқан, өз әрекеттерінің мәнін түсіне алатын және оған өз әрекеттерімен басшылық жасай алатын адамдарға бағытталады.

Мұндай қабілетке ие бола алмайтын, өз әрекеттерінің нақтылық сипаты мен қоғамға қауіптілігін түсіне алмайтын және психикалық ауру нәтижесінде өз әрекеттеріне басшылық жасау қабілеті жоқ адамдар есі дұрыс еместер деп танылып қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Ол туралы ҚР ҚК 16-бабында баяндалады. Оған сәйкес, ҚК көзделген қоғамдық қауіпті әрекетті жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы,

кемақылдылығы немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің іс- әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс-жүзінде сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиіс емес.

Есі дұрыс емес деп танылған адамға сот қылмыстық заңда көзделген медициналық сипаттарға мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін.

Өз әрекетін сезіну, оны басқара алу дені сау адамға туған кезден қалыптасды, пайда болады. Адам белгілі бір жасқа толғанда қалыптасқан өмірлік тәжірибесі арқылы өзін қоршаған орадағы құбылысқа дұрыс баға беру, сол ортаға өзінің әрекетінің пайда немесе зиян келтіргенін ұғыну, нақты жағдайларға байланысты іс- қимыл жасап құқық, мораль нормалары арқылы тыйым салынғандарды істеу-істемеу немесе ондай қимылдан бас тарту мәселелерін шешуге толық қабілетті болады. Психологтардың тұжырымдамасы бойынша, мұндай жас мөлшері 16 жасқа толған уақыт деп белгілеген. Бұл жасқа толған жасөспірімдер өздерінің қылмыстық заңға қайшы кез келген әрекеті үшін жауаптылықта болады.

ҚР ҚК 15-бабында көрсетілген кейбір қылмыстарды істегені үшін мұндай жауаптылық одан ерте жаста - 14 жасқа толған уақыттан бастап басталады. Яғни, қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жасқа толу қылмыс субъектісінің қажетті белгілерінің бірі болып табылады.

Есі дұрыстық және жеке тұлғаның қылмыстық заңмен белгіленген жасқа толуы қылмыс субъектілерінің жалпы заңды белгісі болып табылады, бұлар барлық қылмыс құрамдары үшін міндетті.

Қылмыстың субъектісі жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді. Есі дұрыстық, қылмыстық заңда белгіленген жасқа толу және жеке адам болу сияқты белгілер барлық қылмыстарға тән ортақ белгілер. Бұл белгілер субъектінің түсінігін береді [23, 92-93б.].

Жалпы субъектінің осы белгілермен қатар жекелеген қылмыс құрамының ерекшелігіне қарай қосымша, арнаулы белгілерді қажет ететін адам қылмыстың арнайы субъектісі болып табылады. Мысалы, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстың барлығы дерлік арнаулы мемлекеттік қызметшілер арқылы істеледі. Бұл жерде мемлекеттік қызметші арнайы субъект болып табылады, әскери қылмыстарды тек әскери қызметшілер істейді, сондықтан әскери қызметшілер де қылмыстың арнайы субъектісі болып табылады.

ҚР ҚК 15-бабында көрсетілген кейбір қылмыстарды істегені үшін мұндай жауаптылық, одан ерте жаста - 14 жасқа толған уақыттан бастап басталады. Яғни, қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жасқа толу қылмыс субъектісінің қажетті белгілерінің бірі болып табылады.

Есі дұрыстық және жеке тұлғаның қылмыстық заңмен белгіленген жасқа толуы қылмыс субъектілерінің жалпы заңды белгісі болып табылады, бұлар барлық қылмыс құрамдары үшін міндетті.

Қылмыстың субъектісі жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді. Есі дұрыстық, қылмыстық заңда белгіленген жасқа толу және жеке адам болу сияқты белгілер барлық қылмыстарға тән ортақ белгілер. Бұл белгілер субъектінің түсінігін береді.

Жалпы субъектінің осы белгілермен қатар жекелеген қылмыс құрамының ерекшелігіне қарай қосымша, арнаулы белгілерді қажет ететін адам қылмыстың арнайы субъектісі болып табылады. Мысалы, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстың барлығы дерлік арнаулы мемлекеттік қызметшілер арқылы істеледі. Бұл жерде мемлекеттік қызметші арнайы субъект болып табылады, әскери қылмыстарды тек әскери қызметшілер істейді, сондықтан әскери қызметшілер де қылмыстың арнайы субъектісі болып табылады.

Бірақ қылмыстық адам ұрлауға қатысты келетін болсақ, бұл қылмыстық субъектісі әрқашан да жалпылық сипатқа ие болады және заңнамамен арнайы субъектінің адам ұрлау мәселесі қарастырылмаған.

Қылмыстың құқық теориясында қалыптасқан жалпы және арнайы субъект түсініктерімен қатар бүгінгі күні жеке тұлғалар мен қоса заңды тұлғаларды да қылмыстық қауаптылыққа тартуға байланысты өткір пікірталастар жүріп жатыр.

Жоғарыда айтылғандар негізінде төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

Қылмыстың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады. Кінәлі басқа адамды оның еркіне қарамастан заңсыз тартып алып, басқа жерге ауыстыратынын түсінеді және оған тілейді. Ұрлаудың себептері мен мақсаттары әр түрлі болуы мүмкін (кек алу, бұзақылық ниеттер, қызғаныш, байланбаған қатынастар), олар жасалған әрекеттің құқықтық бағасына әсер етпейді.

Адам ұрлау түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық бойынша 14 жасқа толған ақыл-есі дұрыс, жеке адам қылмыс субъектісі болып табылады.

Адам ұрлаудың сараланған құрамдары

Қылмыс сыртқы бейнесі бойынша бір баппен сараланатын болса да оның қоғамдық қауіптілігі әртүрлі болып келеді, сондықтан қылмыстық заңнамада қоғамдық қауіпті әрекетті сипаттайтын жалпы нормамен қатар, әрекеттің ерекшеліктерін ескеріп оны сараланған құрам ретінде танитын нормалар да болады, ондай нормаларда қылмыстық жауаптылық пен қылмыстық жазаны ауырлататын мән-жайлар ескеріледі. Бұл норманы адам ұрлау қылмысына қатысты да айтуға болады.

Қазақ ССР-ның қылмыстық кодексінде адам ұрлау 116 бап болып табылады. Пайдақорлықпен, кек алу мақсатымен немесе өзге бір зұлымдық ниетпен адам ұрлау екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Тап сол қылмыстарды бір топ адамның алдын ала сөз байласып қайталап жасауы, алкогольіктің, наркоманның немесе қоғамдық пайдалы еңбектен жалтаратын адамның жасауы немесе екі және одан да көп адамға қатысты жасауы, сол сияқты жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп, құш жұмсау арқылы немесе осындай күш жұмсаймын деп қорқыту арқылы жасауы - мүлкі конфискеленіп немесе конфискеленбей бес жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ерекше қауіпті рецидивист жасаған немесе ауыр зардаптарға әкеп соқтырған ұрлық, сол сияқты жасы толмаған баланы ұрлау-мүлкі конфискеленіп жеті жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қазақ ССР-ның қылмыстық кодексінің 116 бабының 1 бөлігінде біреудің баласын ауыстырып жіберу. Пайдақорлықпен немесе басқа бір зұлымдық ниетпен біреудің баласын ауыстырып жіберу бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазіргі қылмыстық кодекспен салыстырғанда баланы ауыстыру өзінше бір бап болып жеке қаралады. Баланы қасақана ауыстыру- екі жүзден бес жүз айлық көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Пайдакүнемдік немесе өзге жамандық ниетпен жасалған дәл сол әрекет - үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады деп көрсетілген [24, 3056.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодесіне 125-бабының 2 және 3-ші бөліктеріне сәйкес адам ұрлау қылмысының сараланған және ерешке сараланған құрамдары белгіленген.

Адам ұрлау қылмысының сараланған құрамдарына ҚК 125- бабының 2-бөлігіне сәйкес:

- 1) алдын ала сөз байласып адамдар тобымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- 4) қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) көрінеу кәметке толмаған адамға қатысты;
- 6) кінәліге жүктілік жағдайында екендігі көрінеу әйелге қатысты;
- 7) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 8) пайдакүнемдік ниетте жасалған адам ұрлау жатады;
- 9) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;
- 10) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын жеке құжаттарды бұрмалап, жасырып не жойып жасалған дәл сол іс-әрекеттер.

Сонымен қатар қылмыстық заңнама адам ұрлау қылмысының жасалуын және құрамдық ерекшеліктерін ескеріп ерекше сараланған құрамдарын бекіткен, олаға ҚК 125-бабының 3-бөлігіне сәйкес:

- а) қылмыстық топпен жасалған;
- б) ұрланған адамды қанау мақсатында жасалған;
- в) абайсызда жәбірленушінің өлуіне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соққан адам ұрлауды жатқызады.

Осы сараланған құрамдарды тереңірек зерттеу мақсатында әрқайсысына жекелеп тоқталып өтейік.

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен адам ұрлау.

Қазақстандағы қылмыстылықтың жағдайы жөніндегі статистикалық мәліметтер соңғы жылдары әр оныншы қылмыс адамдар тобымен жасалғандығын көрсетеді. Әрбір үшінші қарақшылық және әрбір екінші қорқытып алу криминалдық топтармен жасалынады екен.

Қылмысты адамдар тобының алдын ала сөз байласып жасауы қылмыстың жасауын жеңілдетіп оның қоғамдық қауіптілігін жоғарлатады. Алдын ала сөз байласып адам ұрлау болып танылуы үшін онда қылмыс жасауға алдын ала келіскен екі немесе одан көп адам қатысуы керек. Адам ұрлауды алдын ала сөз байласып жасаған кезде әр қатысқан адам адам ұрлау қылмысына байланысты рольдерді бөліп алуы керек, бірақ олардың әрқайсысы адамды күштеп ұстауға және оның орынын ауыстыруға тікелей қатысуы керек.

Адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасаған адам ұрлаудың негізгі белгісі ретінде қылмыстық қол сұғушылық жасау үшін жасалған алдын ала сөз байласуды тану керек.

Адам ұрлаудағы қатысушылардың біріктілігі олардың әрекеттері бір соңғы мақсатқа бағытталғандығын білдіреді. Ол деген адамдар тобымен жасалған адам ұрлауда қоса орындаушылық белгісі болады. Адамдар тобының алдына ала сөз байласуы бойынша жасалған адам ұрлауда екі не көп адамдардың қылмыс орнын алдына белгілеп жасайтын әрекеті деп санайтын кейбір зерттеушілердің пікірлері дұрыс емес.

2) Бірнеше рет жасалған адам ұрлау.

ҚР ҚК 125-бабының 2-бөлігінің 2) тармағы бойынша осы бап бойынша екі немесе одан да көп қылмыстар жасау бірнеше рет жасалған адам ұрлау деп танылады.

Бұл ҚК 125-бабының 2-бөлігінің 2) тармағымен қарастырылған сараланған құрам бір емес бірнеше қылмыс жасаған қылмыскердің әрекетінің қоғамдық қауіптілігін сипаттайды.

ҚК Ерекше бөлігінің белгілі бір бабының немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекеттер жасау қылмыстардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. ҚК Ерекше бөлімінің түрлі баптарында көзделген екі немесе одан да көп қылмыс жасау ҚК арнайы көрсетілген жағдайда ғана бірнеше рет жасалған деп танылуы мүмкін.

Бір адаммен қылмысты бірнеше рет жасау ол адам үшін қылмыс кездейсоқ эпизод емес, оның санасында қалыптасып қалған қондырым екенін білдіреді. Біртектес қылмыстарды бірінен кейін бірін орындау құқық бұзушыға нақты тәжірибе береді, ол кезегінде қылмыспен күресуге қиындық тудырады.

Адам ұрлауды бірнеше рет жасалған деп санау үшін әрбір әрекет жеке қылмыс құрамын құрастыру керек екендігін ескеру керек, яғни әрбір қылмыс келесі қылмыстан кішкене болсын уақыт аралығымен ажырауы керек. Әр қылмыс жасауға қылмыскерде жеке қасақана ой пайда болуы тиіс.

Осы жерде жеке қылмыс пен қылмыстардың көптілігін ажыратып алу керек. Б.В.Леонтьевтің пікірінше "жеке қылмыс дегеніміз бір әрекеттен, бір зардаптан, бір кінә нысанынан тұратын және ҚК Ерекше бөлімінің бір бабымен сараланатын әрекет.

Сонымен жеке қылмыс дегеніміз қылмыстық заңның Ерекше бөлімінің бір нормасымен қарастырылған қылмыстың бір құрамы. Сондай-ақ жеке қылмыстардың мазмұны күрделі болуы мүмкін, олар бірнеше әрекеттерден құралып, нәтижесінде бір қылмысты құрайды. Ондай жеке қылмыстарға жалғаспалы, созылмалы және құрамды қылмыстарды жатқызуға болады.

Жалғаспалы қылмыс деп қорытынды қылмыстық әрекет бірнеше ұқсас қылмыстық әрекеттерден тұратын қылмысты айтамыз, яғни бірнеше әрекеттер бір қылмыстық мақсатқа бағыттталып, жиынтығында бір қылмысты құрайды.

Созылмалы қылмыс деп ондағы әрекет қандай да бір уақыт ішінде жалғасытын қылмысты айтамыз. Созылмалы қылмыс әрекет және әрекетсіздік нысанында жасалуы мүмкін.

Құрамды қылмыс ол екі өзара бөлек әрекеттен тұрып, бірақ өзіндік ішкі бірлік пен байланыс нәтижесінде бір қылмысты құрайды.

3) Өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып адам ұрлау.

ҚР ҚК-нің 125-бабының 3) тармағымен адам өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолданып адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылады.

Бұл көрсетілген сараланған белгі адам ұрлау кезінде жәбірленушіге оның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданғанын білдіреді.

4) Қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып адам ұрлау. ҚР ҚК-нің 125-бабының 4) тармағымен Қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылады. Қару қолдану деген терминді бұл жерде қаруды оның тікелей арналған мақсаты бойынша пайлану деп түсінеміз, яғни тірі дүниені құрту үшін пайдалану немесе қорқытуды күшейту үшін қаруды демонстрациялау.

Қару ретінде пайдаланатын өзге де құралдарға тұрмыстық- шаруашылық мақсаттағы заттар жатады (темір, балта, өзге де денсаулық пен өмірге елеулі зиян келтіруі мүмкін заттар), сондай оларға кез келген зиян келтіретін заттарды жатқызамыз.

Адам ұрлауды баптың осы тармағымен саралаған кезде қару алдын ала дайындалды ма немесе қылмыс оқиға орнынан алынды ма, зауыттан жасалған ба немесе қолдан жасалған ба екені ерекше мәнге ие болмайды. Сонымен қоса кінәлі адам қорқытудың әсерін күшейту үшін қарудың макетерін имитациялап корсетсе де, ол қарумен қорқытқан ретінде сараланады.

Қару және қару ретінде пайдаланатын өзге де заттар жәбірленушіге қатысты ғана емес, сонымен қатар адам ұрлау қылмысын көрген адамға немесе ол қылмысқа қарсы шыққан адамға да қатысты қолданылуы мүмкін.

Қару қолдана отырып адам ұрлау кезінде кісі өлтіру орын алса, ол Қылмыстық кодекстің тиісті баптарымен саралануы қажет.

5) Көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылық ҚР ҚК 125-бабының 2-бөлігінің 5) тармағымен қарастырылады. Ұрлау қылмысының жәбірленушісі көрінеу кәмелетке толмағанын білу фактісі бұл сараланған белгі бойынша арнайы объектінің болу керек екендігін білдіреді. Яғни осы сараланған құрамды қолдану үшін жәбірленуші 18 жасқа толмаған болуы керек. Бұл жерде міндетті жағдай адам ұрлаушының баланың жасын білмеуі және білу мүмкіндігінің болмауы.

6) Кінәліге жүктілік жағдайында екендігі көрінеу белгілі әйелге қатысты адам ұрлау үшін жауаптылық ҚР ҚК 125-бабының 2-бөлігінің 6) тармағымен қарастырылады. Жүктілік жағдайында екендігі көрінеу әйелге қатысты адам ұрлау жасай отырып, кінәлі әйелге және болшақ нәрестенің өміріне қауіп төндіреді, сондықтан оның әрекетінің қоғамдық қауіптілігі жоғарылай түседі.

Қылмыс оның қылмыстық заңнамамен қорғалатын объектіге қол сұғуымен зиян болып келеді, ал егер ол бір емес екі не одан да көп қылмыстық заңнамамен қорғалатын объектілерге қол сұқса, онда оның қоғамдық қауіптілігі де сәйкесінше еселене түседі.

Осыны ескере отырып заң шығарушы ҚК 125-бабының 2- бөлігінің 7) тармағымен екі немесе одан да көп адамға қатысты адам ұрлау сараланған құрамын бекітіп, жазаны қатаңдатып бекіткен.

Екі немесе одан көп адам ұрлау негізінен бір уақытта кем дегенде екі адамды ұрлаумен сипатталады және ол әрекет бір қасақаналықпен сипатталады. Кейбір жағдайларда бірінші және екінші адам ұрлаудың арасында уақыттағы үзіліс болады, бірақ бұл жерде кінәлі адам алдын ала пайда болған екі не көп адам ұрлау ниетін басшылыққа алғандықтан, ол адамды бірнеше рет ұрлау емес, екі немесе одан да көп адамды ұрлау деп саналады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 125-бабының 2-бөлігінің 8) тармағы бойынша пайдакүнемдік ниетте жасалған адам ұрлау сараланған құрамы көрсетілген. Осы баппен адам ұрлауды саралау үшін кінәлі адамда қандай да материалдық пайда табу ниеті болуы тиіс.

Адам ұрлаудың тағы бір сараланушы белгісі 9) тармақта белгіленген адам өзінің қызметтік бабын пайдалана отырып жасаған адам ұрлау. Бұл қылмыс түрі адамның құқыққа қайшы әрекетті жасау барысында өзінің мемлекет немесе қоғам тарапынан сеніп тапсырылған қызметтік міндеттерін басқа мақсатта саналы түрде жасайтындығымен қауіпті. Заң шығарушының бұл норманы кейіннен енгізуі мұндай қылмыс түрінің қоғамдық қауіптілік деңгейінің жоғарылығын белгілейді.

10) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын жеке құжаттарды бұрмалап, жасырып не жойып жасалған дәл сол іс-әрекеттердің де қоғамдық қауіптілігі жоғары. Статистика бойынша адам ұрлаудың мұндай ауырлатушы мән-жайлары да тәжірибеде жиі кездесетіндігін айғақтайды.

Жоғарыдағы көрсетілген сараланған құрамдар үшін заң шығарушы жазаны дараландыра отыра мүлкін тәркілеп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны белгілейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 125-бабының 2- бөлімінде көрсетілген әрекеттер егер ұйымдасқан топпен жасалған, ұрланған адамды пайдалану мақсатында жасалған немесе абайсызда жәбірленушінің өлуіне немесе өзге ауыр зардаптарға әкеп соқса, ерекше жауаптылықты ерекше ауырлататын мән жай ретінде танылып, ҚР ҚК 125-бабының 125-бабының 3-бөлігімен саралануға жатады.

Саралаудың ережелеріне сәйкес бөлік пен бүтін арасындағы нормалардың бәсекелестігі болған кезде бүтін норма қолданылады. Мысалы кінәлінің әрекеттері 125-баптың 2-бөлігінің 3) тармағымен қамтылған болса, оны өзге денсаулыққа қарсы қылмыстар үшін жауаптылық белгілейтін баптармен қосымша сараламайды.

ҚР ҚК 125-бабының 3-тармағының 1) тармағымен ұйымдасқан топпен жасалған адам ұрлаудың сараланған құрамы белгіленеді.

Бұл белгі қылмысқа қатысу нысандарын анықтағанда жалпы сипатта ашылып өткен. ҚР ҚК 31-бабының 3-бөлігіне сәйкес егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

Бандитизм және өзге де қатысушылықпен жасалатын қылмыстар үшін жауаптылық көздейтін заңнаманы соттардың қолданудың кейбір мәселелері туралы 21 маусым 2001 жылғы ҚР Жоғарғы сотының №2 нормативтік қаулысына сәйкес ұйымдасқан топтың алдын ала сөз байласқан адамдар тобынан ажырататын белгі оның ұйымшылдығы мен тұрақтылығы болып табылады.

Ұйымшылдық белгісі адамдар тобы мен ұйымдасқан топты бір-бірінен ажырататын белгі болып табылады. Ұйымдасқан топ бірігіп қылмыс жасап, негізгі және қосымша табыстар табу мақсатымен құрылады. Ұйымшылдық белгі ұйымдасқан топтың сапалық жағын сипаттайды және оған келесі белгілер тән: ұйымдасқан құрылымдардың болуы, топтың ішкі тәртіп және ұйымдастырушы мен басқарушының нұсқауларына бағынуы, қылмыс жасауды жоспарлау, рольдерді бөлу [35, 140б.].

Жоғарыдағы көрсетілген қаулыға сәйкес, ұйымдасқан топқа ұйымдасқан топпен жасалатын қылмыстарға тікелей қатысу ғана емес, сонымен қоса топ мүддесіне өзге де әрекеттер жасау да жатады, яғни басшылық, қаржыландыру, объектілерді іздестіру, транспортпен қамтамасыз ету және мәліметтер жинау.

Ұйымдасқан топпен жасалған адам ұрлаудың тағы да бір ерекше белгісі - тұрақтылық, ол көбінесе мүшелер тұрақтылығымен сипатталады. Р.Е.Кайдаровтың жазуы бойынша топтың тұрақтылығы туралы қылмыстық әрекеттерді алдын ала жоспарлау, қылмысты жүзеге асыру құралдарын дайындау, қатысушыларды азғыру және таңдау, олардың арасында рольдерді бөлу, қылмысты жасыру шараларын қамтамасыз ету, топтың тәртіпке бағынуынан көруге болады.

Бұл белгі ұзақ созылмалы уақытқа қылмыс жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топтың сапалық қасиеті болып табылады. Бірақ қылмыстық құқық теориясында ұйымдасқан топтың бұл белгілеріне байланысты толық біркелкілік жоқ.

Адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыратын ҚК 125-бабының ерекше белгісі оның ескертпесі болып табылады. Ескертпеге сәйкес ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Өз еркімен бас тарту дегеніміз адам ұрлаушының жәбірленушіні ұстап тұруға мүмкіндігін сезіне отырып, ары қарайғы әрекеттерінен бас тартып, жәбірленушіні құқық қорғау органдарына немесе оның туыстарына жібереді немесе босатады. Босату туралы шешімнің ниеті саралау үшін маңызды емес. Ол өкіну, жәбірленушіге деген жан ашырлық, жауаптылықтан қорқыныш тағы да басқа болуы мүмкін.

Жәбірленушіні босату бастамасы адам ұрлаушының өзінен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен немесе өзге де тұлғалардан шығуы мүмкін. Дегенмен, ұрланған адамның қорқу, налу, қамығу және тағы да басқа жағымсыз моральдық-психологиялық көңіл –күйде болатындығын ескере отырып, заң шығарушының кінәлі адамды мүлдем қылмыстық жауаптылықтан босату туралы ойы қылмыстық кодекстің 4-бабында белгіленген қылмыстық жауаптылық негізі ережелеріне қайшы келеді деп санаймыз. Адамды қорлағаны, я болмаса жала жапқаны үшін де қылмыстық жауаптылық қарастырылғанын ескеретін болсақ, адамның өз бас бостандығынан айрылып, өзге адамға тәуелді күй кешкені үшін, түрлі моральдық-психологиялық бұзылуларды басынан өткергені үшін кінәлінің қылмыстық жауаптылықтан босатылуы жаза мақсатына сәйкес келмейді деп санаймыз. Сондықтан ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады деген ескертпені 125-баптан мүлдем алып тастау керек деп санаймыз.

Осы бөлімше бойынша төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

Адам ұрлаудың сараланған және ерекше сараланған белгілері біз қарастырып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғам үшін қауіптілік деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.

Осы жұмыстың авторы ҚК 125-бабында берілген ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады деген ескертпені 125-баптан мүлдем алып тастау керек деп санайды. Себебі, ұрланған адамның қорқу, налу, қамығу және тағы да басқа жағымсыз моральдық-психологиялық көңіл –күйде болатындығын ескере отырып, заң шығарушының кінәлі адамды мүлдем қылмыстық жауаптылықтан босату туралы ойы қылмыстық кодекстің 4-бабында белгіленген қылмыстық жауаптылық негізі ережелеріне қайшы келеді деп санаймыз. Адамды қорлағаны, я болмаса жала жапқаны үшін де қылмыстық жауаптылық қарастырылғанын ескеретін болсақ, адамның өз бас бостандығынан айрылып, өзге адамға тәуелді күй кешкені үшін, түрлі моральдық-психологиялық бұзылуларды басынан өткергені үшін кінәлінің қылмыстық жауаптылықтан босатылуы жаза мақсатына сәйкес келмейді деп санаймыз.

Адам ұрлау қылмысын өзара ұқсас қылмыстардан ажырату

Ұқсас қылмыстарды бір бірінен ажырату қылмыстық саралаудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында қылмысты саралау қылмыстық құқықты құқық қорғау органдарының пайдалануының бір сатысы ретінде қарастырылады. Ол алдын ала тергеу (анықтау мен тергеу), сот отырысында, апелляциялық және қадағалау сатысындағы тиісті лауазымды адамдардың қызметтерімен жүзеге асырылады.

Б.А.Куриновтың айтуы бойынша, қылмысты саралау қылмыстық құқықты қолдану қызметіндегі ерекше бір орынды алады, себебі басқа құқықтардың қолданылуының барлық кезде алғышарты болып табылатыны осы. Мәселен, тек қана қылмысты саралап болғаннан кейін ғана айыпталушыға жазалау шараларының қайсысын қолданатындығымызды айқындаймыз. Осының салдарынан біз қылмысты саралаудың маңызды рөлін айқындап аламыз.

Адам ұрлау қылмысына қатысты алсақ, бұл қылмыстың саралау мәселелері бойынша да біршама қиындықтар бар.

Адамды кепілге алу (234-бап), бас бостандығынан заңсыз айыру (126-бап) және адам ұрлаудың (125-бап) субъективтік және объективтік жақтарының ұқсастығы осы қылмыстарды бір бірінен ажырату кезінде және құқық қолдану практикасында біршама қиындықтар тудырады.

Осы қылмыстардың негізгі айырмашылықтары келесідей болып келеді:

- қылмыстың бағытталуына қарай: адамдарды кепілге алу кезінде қылмыстың болу ортасы қоғамдық қауіпсіздік болып келеді, ал адам ұрлау мен бас бостандығынан заңсыз айыру кезінде қол сұғылатын объект жеке тұлғаның бас бостандығы;

- адамды кепілге алу кезінде бас бостандығынан айыру қылмыс құралы емес, қылмыстың мақсаты болып табылады. Сондықтан кепілге алу фактісі мемлекет, бұқаралық ақпараттар құралы алдында жарияланып, ол мемлекетті, жеке және заңды тұлғаларды нақты шешімдер қабылдап, талаптарды орындатудың құралы болып келеді;

- адам ұрлау мен бас бостандығынан айыру қылмыстарында кінәлі пайдақорлық ниетпен осы қылмыстарды жасап отырса да, оны көпшілікке жариялауға мүдделі емес. Көп жағдайда жәбірленушінің жақындарына қойылатын талаптардың бірі құқық қорғау органдарына ештеңе хабарламау. Адам ұрлау мен бас бостандығынан заңсыз айыруда адамды ұрлау, оны күшпен ұстап отыру және талаптың мазмұны жарияланбайды, талаптар жасырын түрде

- жәбірленушінің туыстары мен жақындарына ғана жарияланады, қылмыстың болғандығы туралы білетін адамдардың шеңбері өте тар. Қылмыс субъектісі өз қылмысын жария етуге мүдделі емес;

- Адамды кепілге алу кезінде қылмыстың мақсаты саяси реңге ие болуы мүмкін, ал дам ұрлауда ондай мақсат жоқ;

- Адам ұрлауда бас бостандығынан айырудан қарағанда жәбірленушінің тұрғылықты орны оның еркінен тыс ауыстырылады, яғни жәбірленуші басқа жерге апарылады.

Адамды кепілге алу қылмысы өзінің субъективтік жағы бойынша адам ұрлау қылмысы сияқты тікелей қасақаналықпен сипатталады. Кінәлі адам адамды құқыққа қайшы кепілге ала отырып, мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ететінін түсінеді және сол әрекеттердің болуын тілейді.

Адамды кепілге алу қылмысына қарағанда адамды ұрлауда кінәлі адам басқа адамды оның еркінен тыс оның орнын ауыстыратынын түсінеді және оны тілейді. Сондықтан осы екі қылмыстың құрамының интеллектуалдық моменттері әртүрлі.

Мысалға адамды кепілге алу қылмысында кінәлінің санасымен адамның қоғамның қауіпсіз өмірін қамтамасыз ететін қатынастарға қарсы құқыққа қайшы әрекеттер қамтылады, атап айтқанда: тұлғаның қауіпсіздігі, ұйымдардың дұрыс қызметін бұзу.

ҚР Қылмыстық кодексінің 125-бабымен көрсетілген адам ұрлау қылмысы ҚР ҚК-нің 126-бабымен көрсетілген заңсыз бас бостандығынан айыру қылмысымен ұқсас болып келеді. Осы екі қылмыс құрамдарын біз қылмыстың объективтік жақтары бойынша ажырата аламыз. Адам ұрлау қылмысының объективтік жағы ашық немесе алдау жолымен, не алдау арқылы адамның орнын оның

еркінен тыс ауыстырудан тұрады. Бұл жерде адам ұрлау қылмысында жәбірленуші еркін-қозғалу бостандығынан айырылып қана қоймай (осы белгі болғанда' ғана бас бостандығынан айыру туралы сөз болады), ол кеңістікте өзінің еркінен тыс қозғалтылады. Ал 126-бапта козделеген заңсыз бас бостандығынан айыру қылымысында адам өз еркі бойынша кеңістікте қозғалу мүмкіндігінен айырылады (мысалы, қамап қою, байлап қою және т.б.).

Өз кезегінде адам ұрлау қылмысының тікелей қасақаналығының интеллектуалдық моменті кінәлі адам қылмыс жасай отырып басқаның бостандығынан айыруын түсінумен сипатталады. Сондай-ақ, кепілге алу қылмысының субъективтік жағының міндетті белгісі арнайы мақсаттың болуы - мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ету мақсаты. Қарастырылып отырған қылмыстарды жасаудың ниеттері әртүрлі болуы мүмкін.

2 АДАМ ҰРЛАУДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Адам ұрлау себептері мен шарттары және қылмыскердің жеке басы

Қоғамның жаңа экономикалық және саяси түсініктері мінез-құлықтың жаңа қоғамдық қауіпті түрлерін тудырды, олардың арасында адам ұрлау да пайда болды, осы қылмыстың пайда болуы қоғам туысымен шартталған. Біріншіден, қылмыс жалпы қоғамда болып жатқан өзгерістерге барабар әрекет етті. Екіншіден, соңғы жылдары қылмыс құрылымындағы ауыр және аса ауыр қылмыстардың артуы адам өмірі мен адамның жеке тұлға ретіндегі құндылығының төмендегенін куәландырады. Адам сауда-саттықтың нысанасы және кез келген іс жүзінде, соның ішінде ең төменгі қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы болды. Осылайша, адам ұрлау құбылыс ретінде қоғамда және қылмыс табиғатында болып жатқан өзгерістердің заңды нәтижесі болды. Айта кету керек, адамды ұрлау қылмыстың жалпы құрылымында (0,15%) болмашы үлеске ие, дегенмен, бұл қылмыстардың өсу үрдісі әр түрлі кезеңдерде өсу қарқыны бірдей болмаса да.

Соңғы бес жылда қылмыстың серпіні мен құрылымын талдау қылмыс құрылымында, ең алдымен, пайдакүнемдік-зорлық қылмыстардың ұлғаюын көрсетті.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы адам ұрлау сияқты қоғамдық қауіпті әрекеттің өсуін анықтады. Қазақстанның әр түрлі аймақтарындағы қылмыстылық құрылымындағы криминологиялық картина мен адамды ұрлау орнын салыстыру үшін адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, адамды ұрлау, заңсыз бас бостандығынан айыру, кепілге алу, тонау, қарақшылық сияқты қылмыс түрлерінің жай-күйіне статистикалық деңгейде талдау жасау әрекеті жасалды.

Алматы облысында адам ұрлаумен байланысты қылмыстарды жасаудың криминалдық жағдайы барлық аймақтарынан аса күрделі және шиеленісті болып табылатынын атап өткен жөн. 2015 жылдан 2019 жылға дейін адам ұрлығының өсу қарқыны біршама баяулағанына қарамастан, 2018 жылы бұл қылмыстардың алдыңғы жылмен салыстырғанда құлдырауы орын алды, тұтастай алғанда қылмыстың сандық өсуі жалғасуда. Осы қылмыстардың ең көп саны 2018 жылы

2019 жылы жасалды. ұрлау саны бір жарым есеге қысқарды, бірақ бұл құқық қорғау органдарының табыстарымен емес, заңнамадағы өзгерістермен байланысты емес, өйткені келесі жылдары ұрлықтардың саны өткен жылдардағыдай қарқынмен емес, өзгеріссіз өсті.

Сандық өзгерістермен қатар, адам ұрлығының сапалы сипаттамасында өте теріс өзгерістер орын алады. Көптеген материалдық зиян осы қылмыстарға әкеледі, көп адам зардап шегеді.

Жүргізілген зерттеу жалпы тұрақсыздықтың өсуіне және әлеуметтік дамудың теріс факторларының әсерінің күшеюіне қарай осы үрдістер арасындағы алшақтық ауқымы айтарлықтай ұлғаяды, ал оң факторлар ұлғайған кезде қысқартылатыны анықталды. 90-шы жылдан бастап тіркеу деңгейі кем дегенде Қазақстанда да, Алматы өңірінде де криминалдық процестердің шынайы көрінісін көрсетеді. мәліметтер бойынша, Алматы аймағының латенттік қылмыс деңгейі тіркелген деңгейден 2-3 есе артық. Осылайша, қылмыстың кем дегенде үштен екісі түрлі себептермен ресми статистикада нақты көрініс таппады.

Тергеу және сот практикасын зерделеу, өкінішке орай, осы санаттағы істерді алдын ала тергеу және сотта қарау кезінде қаралып отырған қылмыстарды саралауға байланысты белгілі бір қиындықтар бар екенін куәландырады. Қандай дәрежеде бұл ҚР Жоғарғы Сотының дұрыс қолдану жөніндегі ұсыныстарының жоқтығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде құқық қорғау органдары көбінесе аталған қылмыстық-құқықтық нормаларды қолданудан қашады.

Құқық қорғау органдарына келіп түсіп, олар туралы ақпарат тіркелмейді немесе қылмыстық іс қозғаудан негізсіз бас тартылады.

Диссертациялық зерттеудің мәліметтері бойынша: «Сіз өз жеке мүдделері мен құқықтарын қорғауды қандай органдармен және билік өкілдерімен, қоғамдық ұйымдармен және басқа да құрылымдармен байланыстырасыз?» деген сауалнамаға жауап берушілердің тек 3 % - ы ғана өз қорғауын құқық қорғау органдарымен байланыстырады, 6% мафиямен (ұйымдасқан қылмыспен), 2,5%-ы түрлі заң шығарушы органдардың депутаттарымен байланыстырады деп жауап берді. Бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың 61,8%-ы ешкімге үмітті емес.

Адам ұрлаудың латенттілігінің жоғары деңгейі туралы 2015 ж. Алматы аймағының тұрғындарына жүргізілген сауалнама нәтижесі дәлелдейді. Сауалнама Талдықорған, Алматы қалаларында өткізілді. Жақындары мен таныстары ұрланған жағдайда азаматтар құқық қорғау органдарына жүгінбейді деген болжам мынадай сандарды растайды. «Егер сіздің жақындарыңыздың біреуі заңсыз бас бостандығынан айырылса, сіз қалай түсесіз?» дегенге сұралғандардың тек 24 %-ы полицияға көмекке жүгінетінін айтты; 32 %-қойылған талаптарды орындайды; 11%-жеке күзет агенттігінің қызметіне; 17%-қылмыстық әлем өкілдеріне; 16%-жәбірленушіні өз күштерімен босатуға тырысады.

Адамды ұрлау жасаудың латенттілік ерекшеліктері оның жасырын жасалуының дәрежесіне байланысты. Кезде ұрлау адам жәбірленушінің орналасқан жері бой тасалауда. Қылмыскерлер анонимді әрекет етеді (көп жағдайда туыстарына телефон арқылы қоңырау шалады).

Статистикалық деректер Талдықорған, Алматы сияқты ірі қалаларда адам бостандығының таралуын көрсетеді. Дәл осы қалалар Алматы облысы аймағындағы іскерлік, экономикалық, қаржылық белсенділік орталықтары болып табылады. Мұнда әртүрлі банктер мен фирмалардың ең көп саны орналасқан.

Алматы облысы аймағында адам ұрлау фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істерді талдау жәбірленушілерді ұстау орындары келесідей екенін көрсетті: жеке үй - 20 %; пәтерлер - 41 %; кеңсе - 11 %; қосалқы үй-жайлар (жертөле, шатыр, гараждар, сарайлар және т.б.) - 28%. Осылайша, адам ұрлау жағдайы мен динамикасын талдау оның одан әрі өсуін болжауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты адамды ұрлауға ықпал ететін не кедергі келтіретін факторларды анықтау маңызды болып табылады.

Қылмыскер мен құрбан тұлғасының криминологиялық сипаттамасы.

Қылмыскердің тұлғасы. Криминологияда қылмыскердің жеке тұлға ұғымының көптеген анықтамалары жасалған. Біздің ойымызша, В.Н.Бурлаковтың «қылмыскердің тұлғасы; бұл белгілі бір жағдайлық жағдайларда (немесе одан басқа) қылмыс жасауға әкелетін тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінің жиынтығы» [25,169]. Бұл анықтамада қылмыскер тұлғасының биоәлеуметтік мәні, сондай-ақ жеке тұлғаның өзара іс-қимылы және нақты қылмысты жасау механизміндегі жағдай көрсетілген. Тұлғаның құрылымы үш элементтен тұрады: Әлеуметтік мәртебе (әлеуметтік-демографиялық белгілер деп аталатын), әлеуметтік функциялар (әлеуметтік «рөлдер») және адамгершілік-психологиялық ұстанымдар. Адам ұрлау жасаған қылмыскердің жеке басын қарауда, біздің ойымызша, келесі аспектілерді ашу керек;

- қылмыскердің осы санатының жеке тұлға құрылымының белгілері бойынша жалпы типтік;

- осы санаттағы қылмыскерлердің «әлеуметтік портретінің» ерекшеліктері бар ма және олар немен байланысты?;

- қылмыс жасау механизміндегі жағдайдың рөлі.;

- аталған қылмыскерлер санатының қоғамдық қауіптілік дәрежесі қандай;

- адамды ұрлаған адамдардың негізгі массасын қандай түрге жатқызуға болады?

Егер статистикалық мәліметтерге сәйкес қылмыскерлердің басым көпшілігі - ерлер, ал әйелдер шамамен 16% - ды құраса, онда біздің зерттеуімізге сәйкес адам ұрлау жасағандардың барлығы (100 %) ер адамдар болды. Қазақстанда қылмыс жасаған тұлғалар арасындағы кәмелетке толмағандардың үлесі 2015 жылы шамамен 13% - ды құрады, 2018 жылы пайыз өзгерген жоқ және кәмелетке толмағандардың үлесі 13% - дан сәл асады. Ең үлкен белсенділікке 18 жастан 29 жасқа дейінгі жас тобы ие. Біздің зерттеуімізге қатысты адам ұрлау жасаған адамдардың жасы пайыздық қатынаста мынадай түрде бөлінді: 18 жасқа дейін-0%, 19-30 жас-69% 31-40 жас-18 %, 40 жастан жоғары - 13%. Бас бостандығынан заңсыз айыру кезінде 19-30 жас (73%) , қылмыскерлердің негізгі жасы 21-30 жас (70%).

Жалпы Қазақстан бойынша қылмыскерлердің білім деңгейі салыстырмалы түрде төмен және Қазақстан халқының жалпы орта білімі аясында қылмыскерлер

көбінесе аяқталмаған орта білімі бар. адам ұрлаған адамдардың 27% - ы жоғары, 48% - ы-орта, 19% - ы-арнаулы орта, 6% - ы-аяқталмаған жоғары білімі болған. Салыстыру үшін: бас бостандығынан заңсыз айыру кезінде қылмыскерлердің 24% - ы жоғары, орташа-10% - ы жоғары білімі болған. Алматы облысы өңірінде адам ұрлау жасаған адамдар саны 73 % қылмыс болған елді мекендердің тұрақты тұрғындары болып шықты.

Қылмыскердің еңбекке қатынасы сияқты жеке тұлғасының әлеуметтік функциясының осындай маңызды көрсеткішіне келетін болсақ, Қазақстан бойынша орташа алғанда, қылмыс жасаған сәтте еңбекке қабілетті адамдардың шамамен 50% жұмыс істемеген және оқымаған. Кінәлілердің жұмыс орны келесі деректермен сипатталады: коммерциялық ұйымдар-38 %; мемлекеттік ұйымдар - 7%; оқушылар-3%; жұмыс істемегендер - 52 %.

Әлеуметтік функцияның мұндай көрсеткішін, соның ішінде рецидивпен сипатталатын қылмыстық әрекет ретінде қарастыра отырып, Егер жалпы Қазақстан бойынша анықталған қылмыскерлер арасында 25% - ға жуық қылмыс жасаса, онда адам ұрлауға кінәлі тұлғалар арасында, бұрын сотталған адамдар арасында-17%, Бұл ретте арнайы рецидив жағдайлары бірде-бір рет байқалған жоқ. Сонымен қатар балаларды ұрлау (адамды ұрлауға объективті жағынан жақын) сияқты қылмыстың проблемаларын зерттей отырып, қылмыскерлердің көпшілігі бұрын сотты болғанын анықтады (72 %).

Жоғарыда көрсетілген белгілердің салыстырмалы талдауынан, адам ұрлау жасаған қылмыскерлердің жеке басының құрылымында, біздің ойымызша, мынадай ерекшеліктерді атап өту қажет; бұл қылмыстың таза "еркектер айналысатын" түрі, ол жәбірленушіні белгілі бір жерде оның еркіне қарсы ұстау, жәбірленушіге және оның туыстарына қойылған қауіп-қатерді іске асыру үшін физикалық күшке ие болу керек. Әйелдерге көп жағдайда мұндай қасиеттер тән емес. Олар арандатушылар, көмекшілер рөлінде сөйлей алады. Криминологиялық тұрғыдан бұл қылмыс түріне белгілі бір уақыт ішінде жәбірленушілердің өтініштеріне «эмоциялық қараушылық» тән, бұл ерлерге қарағанда әйелдерге тән емес.

Аталған қылмыс субъектілері арасында кәмелетке толмағандардың болмауын, біздің ойымызша, осы қылмыстың жасөспірімдер ортасында "беймәлім" деп түсіндіруге болады. Пайдакүнемдік мақсаттың өзінің іске асырылуынан алшақтығы және оған белгісіз уақытта қол жеткізу жасөспірімдер үшін бұл қылмысты жасауды тартымды етеді. Бұл олардың психикасының ерекшеліктерімен де байланысты.

Адамды ұрлау жасаудың ерекшелігі мен статистика деректері көрсетілген қылмыс субъектісінің жәбірленушіні бас бостандығынан айыруды жасау процесін бақылау үшін бос уақытқа ие болуы тиіс екендігін растайды. Сондықтан да қылмыскерлердің арасында жұмыс күні ішінде еңбекпен қамтылғандардың үлесі аз (барлығы 10%). Осы қылмысты жасаған қылмыскерлердің жеке басы «қылмыстық кәсіпқойлықпен» сипатталмайды, бұл арнайы рецидивтің болмауымен, сондай-ақ бұрын сотталған адамдардың төмен пайызымен расталады.

Қылмыстық-құқықтық доктринаға сәйкес, қылмыскердің жеке басы қылмыскердің жеке тұлғасынан қоғамдық қауіптілікпен ерекшеленеді. Соңғысы, тиісті қылмыстық мінез-құлықты тудырған криминогендік мүдделер мен уәждеме түріндегі жеке тұлғаның қасиеттерінің жүйесі болып табылады. Сонымен қатар, жеке

тұлғаның қоғамдық қауіптілігінің міндетті құрамдас бөлігі құқықтық психологияның криминогендік деформациясы, яғни қылмыстық заңға деген дәлелсіз қарым-қатынастың түрлі нұсқалары болып табылады.

